



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

БАС ҚАЛАНЫҢ БАҒЫТЫ АЙҚЫН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы бірқатар өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралап, Астана қаласын дамытуға арналған кеңес өткізді.



КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫСЫ

Алдымен Президент Tausogaz зауытына барды. №1 Индустриалдық паркте орналасқан кәсіпорын құрылыс саласын заманауи жүк көтергіш машиналармен және механизмдермен қамтамасыз етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі ірі құрылыс компанияларына қажетті мұнара крандары мен эскалаторлар өндірісімен танысты. Қазір Tausogaz зауытында жоғары білікті 44 маман еңбек етеді. Өндіріс орны жылына 200 лифт, 70 эскалатор және 70 мұнара кранын шығара алады.

Мемлекет басшысы еңбек ұжымымен әңгімелесу барысында кәсіпорынның ел инфрақұрылымын дамытуға қосқан үлесін атап өтіп, оның алдағы уақытта бәсекеге қабілеттілігі арта түсетініне сенім білдірді.

Бұдан кейін Президент өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының көрмесін аралап көрді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа винилді гипсокартон панелін шығаратын «Гипсовинил», өрт дабылдары, бейнекамералар мен домофондар өндіретін QR Systems зауыттарының өнімдері көрсетілді.

Сондай-ақ көрмеде Астана электротехника зауытының, «Арыстан» Астана құбыр зауытының, құрылыс және жол химиясына маманданған ARGP кәсіпорының қызметі жөнінде мағлұматтар ұсынылған.

Бұдан бөлек, Президентке мемлекет-жекеменшік серіктестік қағидаты бойынша пайдалануға берілетін №2 Индустриалдық паркінің даму перспективасы жайында баяндалды.

Аталған алаңда жалпы құны 500 миллиард теңгеден асатын және 8 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 100-ден астам жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар логистикалық инфрақұрылымды ілгерілету бағытында белсенді жұмыс атқарылууда. Соның ішінде «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағында логистикалық парк құрылатын болады.

Астананың жалпыұлттық пулы аясында 1,9 триллион теңгеге 120 жоба жүзеге асырылады. Осы арқылы 22 мыңға тарта жұмыс орнын ашу көзделген.

Мемлекет басшысы шынжыр табанды және дөңгелекті бронды машиналар шығаратын, сондай-ақ оларға техникалық қызмет көрсететін Besqaz зауытына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев цехтардағы құрастыру жұмыстарын аралап көріп, қорғаныс өнеркәсібі кешеніне қарасты кәсіпорынның технологиялық процестерімен және өндірістік мүмкіндіктерімен танысты.

Компания жылына 200 бронды техника құрастырады. Олардың қатарында суды кешіп өте алатын, дөңгелекті Taimas8x8, Aibag 4x4 бронды машиналары, сондай-ақ Tuirag шынжыр табанды техникасы бар. Besqaz компаниясы өз өнімін Қорғаныс министрлігі мен басқа да күштік құрылымдарға арнап шығарады. Өндіріс алаңы биыл ақпан айында іске қосылды. Жалпы құны 13,5 миллиард теңге болатын жоба аясында 134 жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысы зауыт қызметкерлерімен әңгімелесіп, олардың еңбегі өнімді болуына тілектестік білдірді.

ҚАЛАНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ҚАРЫШТАДЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Астананы дамыту жөніндегі кеңесте қатысып, сөз сөйледі.

— Қазір Астана қарқынды өсіп келеді. Түрлі бағыт бойынша белсенді жұмыс істеліп жатыр. Бүгін елорданы дамытудың өзекті мәселелерін талқылаймыз. Соңғы 11 айда қысқа мерзімге арналған экономи-

калық индикатор 118,6 пайызға жетті. Инвестиция, құрылыс, шағын және орта бизнес саласындағы көрсеткіштер бойынша Астана алдыңғы орында тұр.

Елорданың көш басында болуы — заңдылық. Биыл елордадағы тұрғын үй құрылысы 5 миллионға жуық шаршы метрді құрайды. Бұл елімізде пайдалануға берілген баспананың төрттен бірі және Орталық Азия аймағындағы басқа астаналардың көрсеткіштерінен бірнеше есе артық, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қаладағы өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемі 2025 жылдың 11 айында 2,8 триллион теңгеге жетіп, 7,2 пайыз өсті. Яғни, 6 миллиард доллар шамасында. Биылғы 11 айда сауда көлемі 10,8 триллион теңгеден асып, 8,4 пайыз өсім көрсеткен. Бұл — шамамен 22,5 миллиард доллар. Маған берілген мәлімет бойынша, қала бюджетіне 4,3 триллион теңге салық түскен. Астананың 2024 жылғы өңірлік жалпы өнім көлемі 15 триллион теңгеден сәл асты. Бұл — 32 миллиард доллар. Биылғы қорытынды бойынша 34, тіпті 35 миллиард доллар болады деп күтілуде. Ал қаладағы халықтың ресми саны 1,6 миллион адамға жеткен.

Мемлекет басшысы Oxford Economics 2025 рейтингінде Астана Азия құрлығында 36-орын алғанына назар аударды.

— Жан басына шаққандағы өңірлік жалпы өнім көрсеткіші көңіл көншітерлік. Жан басына шаққандағы өңірлік жалпы өнім көрсеткіші көңіл көншітерліктей. Oxford Economics 2025 индексіне тоқталайын. Бұл зерттеулер әлемнің ең ірі мың қаласын экономика, адам капиталы, тұрмыс сапасы, қоршаған орта және басқару санаттары бойынша бағалайды. Астана Азия құрлығында 36-орынға жайғасса, әлем бойынша 276-орынға тұрақтап, өңіріміздегі бәрімізге белгілі қалалардың алдына шықты.

Бірақ бұған тоқмейілсуге болмайды. Өйткені әлеуетіміз зор. Біз үнемі алға жылжымыз керек. Сондықтан дәл осы индекс бойынша келесі жылы Астананың өз рейтингін жақсартуға мүмкіндігі бар деп есептеймін. Соның арқасында біздің Азиядағы рейтингіміз де артады. Бұл біздің қолымыздан келеді деп ойлаймын. Астана басқа аймақтарға үлгі болуға тиіс. Шаһардың экономикалық белсенділігі күшейіп келеді. Бұл — жақсы үрдіс. Соған сәйкес әкімдікке және мүдделі мемлекеттік органдарға жана міндеттер жүктеледі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент озық шешімдерді мемлекеттік басқару саласына енгізуде Жапония тәжірибесіне назар аударуға шақырды. Жасанды интеллект және цифрлық технологияны дамытуға баса мән беру керек.

— Менің өткен аптада Жапонияға ресми сапармен барғанымды білесіздер. Сапар кезінде Токио губернаторымен кездестім. Түрлі салада ынтымақтастық орнатуға келістік, цифрлық технологияларға ерекше назар аудардық. Токиодағы Smart City жобасымен таныстық. Жапония озық шешімдерді мемлекеттік басқару саласына енгізу тұрғысынан зор табысқа жетіп отыр. Біз осы бағытта тәжірибе алмасатын болдық, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астана әкіміне Smart City жобасын тездетіп аяқтауды тапсырды.

— Бұған дейін менің тапсырмам бойынша Астанада Smart City жобасы қолға алынды. Жакын арада Жедел басқару орталығы іске қосылады. Қаладағы бейнекамералардың жұмысы және басқа да қызметтер осы орталықтан басқарылады. Бұл жүйе түрлі қауіп-қатерге дер кезінде назар аударуға және келенсіз оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді. Қазір платформаны іске қосу үшін Деректерді талдау орталығы салынып жатыр. Осы цифрлық инфрақұры-

лымды құқық қорғау органдары да қолдана алады. Сол арқылы қаланың қауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндік туады. «Заң және тәртіп» қағидаты іс жүзінде жұмыс істеуге тиіс. Астана әкіміне осы шаруаны тездетіп аяқтауды тапсырамын, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміздегі басқа қалалар да осындай платформаны енгізуге тиіс. Бұл жұмысты Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі үйлестіруі керек.

— Үйлесімді қала кеңістігін қалыптастыруға айрықша мән беру қажет. Азаматтардың тұрмыс-тіршілігі мен жұмысына барынша қолайлы жағдай жасау барлық деңгейдегі әкімдердің басты міндеті болуға тиіс. Ал елорда заманауи урбанистиканың үлгісі болуы керек. Өйткені оның мәртебесі бөлек. Бұл орайда Астанада қазірдің өзінде біршама нәтижеге қол жеткіздік. Қалалық ортаны дамытудың бірінші тәсілі айқындалды. Мұны биыл жазда елімізде өткен саммиттер кезінде өзге де мемлекеттер басшылары байқаған.

Мысалы, Төраға Си Цзиньпин қаламыздың келбеті айтарлықтай жақсарғанын айтып, жоғары бағасын берді. Бұл — әлемдік ірі державалардың басшылары Қазақстанға келгенде біздің қалаларымыздың келбетіне мән беріп қарайды деген сөз. Мұны қаперде ұстау керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Астананы абаттандыру ісіндегі оң өзгерістерге тоқталды. «Жана келбет» бағдарламасы аясында бес жыл ішінде шаһардың тарихи бөлігіндегі 150 ғымараттың қасбетін жанарту жоспарланып отыр. Сонымен қатар көшелер абаттандырылады. Жалпы, соңғы екі жылда Астанада көптеген қоғамдық кеңістік пайда болды. Жасыл желек мол егіліп, демалыс аймақтары көбейді.

— Бұл өте жақсы. Мұны елорда тұрғындары оң бағалап отыр. Енді осы аумақтарды тиісті деңгейде сақтауға тиіспіз. Бұл әуелгі кезекте елордала тұратын және шаһарға қонаққа келетін Қазақстан азаматтарына тікелей байланысты. Осы істі Ішкі істер министрлігі, Полиция департаменті жіті бақылағаны жөн, — деді Мемлекет басшысы.

ДАМУ ДАНҒЫЛЫНДАҒЫ ЖОСПАРЛАР

Қасым-Жомарт Тоқаев елорданың шеткері аудандарына да көңіл бөлу керек екенін жеткізді. Қаланы безендіру жұмыстарына бюджеттен бөлек демеушілер қаражатын да тартуға болады.

— Жана жылда кәсіпкерлеріміздің басын қосуды жоспарлап отырымын. Оларға тағы да үндеу жасаймын. Қатаң шаралар қабылдаймын. Түптің түбінде, Отанды сүю — ортақ борыш. Сондықтан оң жағалаудағы сауда, өнеркәсіп орамдары мен тұрғын үй алаптарын жанарту жұмыстарын жандандырыған жөн. Көріктендіру мәселесі азаматтарды әрдайым толғандырады. Бұл түсінікті, сондықтан олардың осылай айтуға қақысы бар. Дегенмен әкімдік те елорда тұрғындары мен қала қонақтарынан жоғары мәдениетті талап етуі керек, — деді Президент.

Мемлекет басшысы қоршаған ортаны қорғау — стратегиялық мәселе екеніне назар аударды.

— Әрине, қоғамда жоғары экологиялық мәдениет қалыптасып, тұрғындар ортақ мекеніміздің тыныс-тіршілігіне белсенді араласа бастағаны қуантады. Дәл осы себепті «Таза Қазақстан» жобасын бастадым. Оны бүкіл ел қолдады. Қоршаған ортаны қорғау — стратегиялық мәселе. «Таза Қазақстан» идеологиялық кампаниясына не үшін бастамашы болғанымды айтайын. Өйткені экология, тұрмыс-тіршіліктегі тазалық болмысымыздың бір бөлігіне айналуға тиіс. Жалпы, Азияның бірқатар қаласында қалдықтарды жоюдың экономикаға негізделген тәсілдері қолданылады. Шынында да, қоқыспен күресу керек. Токиода 14 миллион адам тұрады. Азғантай аумақта осыншама халық өмір сүріп жатса да, ондағы тазалық пен тәртіп өте жоғары деңгейде.

Мысалы, саммитте сөйлеген сөзімде Жапония Премьер-министріне «Еліңіздің қуаты — адамдарыңызда. Сіздер үнемі үйлесімділікке үндейсіздер. Жапондар үйрену-ден жалықпайды. Өзін қалай ұстауды біледі, өзге адамдарға құрметпен қарайды. Үйін, пәтерін, өзі отырған ғимаратты таза ұстайды. Сонымен қатар олар үздіксіз білім алады әрі оны өскелең ұрпаққа да сіңіреді» деп жылы сөзімді арнадым. Бізге де дәл осындай менталитет қажет. Сондықтан цифрландыру мен жасанды интеллекттен үлкен үміт күтемін. Біз алға қарыштап қадам басып, технологиялық ұлт болудың үлгісіне айналуымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Әзербайжан Президентімен телефон арқылы сөйлесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевті туған күнімен құттықтап, оның бауырлас әзербайжан халқының игілігі жолында атқарып жатқан жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Қазақстан Президенті Әзербайжанның егемендігі мен мемлекеттілігін нығайтуда, сондай-ақ тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етіп, елінің халықаралық аренадағы беделін арттыруда Ильхам Әлиевтің айрықша рөл атқаратынына тоқталды.

Мемлекеттер басшылары қазақ-әзербайжан қатынастары қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Стратегиялық серіктестік пен одақтастық байланыстарды одан әрі нығайту, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты күшейту перспективасын талқылады.

Әңгімелесу барысында жоғары деңгейде, соның ішінде Ильхам Әлиевтің биыл 20-21 қазан күндері Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды сапалы жүзеге асыруға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.



ЕҢБЕК АДАМДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған болатын. Кеше Астана қаласында межелі мерзімде атқарылған ауқымды жұмыс қорытындыланған алқалы жиын өтті. Іс-шара барысында өз ісіне адал азаматтардың ел игілігі жолындағы еңбегі еленіп, марапат биігінен көрінді.

Форумға Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин, Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек қатысты. Сондай-ақ жиынға мемлекеттік органдардың өкілдері, депутаттар, «AMANAT» партиясының мүшелері, ірі кәсіпорындар қызметкерлері, сондай-ақ түрлі салада еңбек етіп жүрген үздік жұмысшы мамандық иелері қатысты. Іс-шарада жалпы саны 600 адам бас қосты.

(Жалғасы 4-бетте)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАН КҮНШЫҒЫСҚА:

КЕЛЕШЕККЕ ЖОЛ АШҚАН КЕЛІСІМДЕР



Өткен аптада Токио қаласында «Орталық Азия – Жапония» саммиті өтті. Бес мемлекет пен алпауыттардың мүддесін тоғыстырған басқосу бірталай келісім мен бірлескен жобалардың іргетасын қалағаны анық. Бұл жолғы жиында да тараптар жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізді. Осы орайда халықаралық диалог қалай қорытындыланып, Орталық Азия елдері көшбасшыларының Күншығыс жұртына сапары қандай нәтижелер бергенін талдап көрдік.

БАС ҚАЛАНЫҢ БАҒЫТЫ АЙҚЫН

(Басы 1-бетте)

Президент Астана, Алматы және Шымкент қалаларында осы тектес жобаларды іске қосу пысықталып жатқанын жеткізді. Соның аясында тәулігіне мың жарым тоннаға дейін қалдық өңдеу, электр энергиясын өндіру қарастырылған. Ел бойынша қалдықтарды жоюды көздейтін 40-тан астам жоба жоспарланған. Олардың бәрі белгіленген мерзімде әрі сапалы жүзеге асырылуға тиіс.

— Сонымен қатар қалдықтарды сұрыптау және кокыс полигондарын дамыту мәселесіне мән беру маңызды. Бұл істі кейінге қалдырудың экологиялық салдары ауыр болатынын әрі оның тұрғындар тұрмысына теріс әсер ететінін халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан Үкімет осы бағытта қажетті шаралар қабылдағаны дұрыс, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке аймақ әкімдерімен бірге ірі қалалар мен облыс орталықтарына жақын жерлерде экосаябақтар құруды тапсырды.

— Мен бұған сенімдімін. Бұл — стратегиялық сипаттағы міндет. Оның орындалуын Президент Әкімшілігі қадағалауда ұстайды. Дегенмен бізге тез шешім қабылдап, әрі сапалы жұмыс атқару қажет. Әрбір мәселеге пікір таластырудың қажеті жоқ. Елорда тұрғындарының көбі демалыста немесе мереке күндері әдетте Бурабайға барады. Жол қашық. Оның үстіне, табиғи парктің экожүйесіне айтарлықтай салмақ түседі.

Сондықтан Астана манайында экосаябақтар ашатын уақыт жетті. Үкіметке аймақ әкімдерімен бірге ірі қалалар мен облыс орталықтарына жақын жерлерде экосаябақтар құруды тапсырамын. Тағы да қайталап айтамын, ол жерлерде де газалық болуға тиіс. Бурабайда не болып жатқанын қараңыздар. Ұят жағдай. Ұлттық қорықты бүлдіріп жатқан бөгде ғаламшарлықтар емес, өзіміздің халқымыз ғой, — деді Президент.

Мемлекет басшысы көлік-логистика инфрақұрылымын одан әрі дамыту маңызды екеніне тоқталды. Қалада сапалы және қолайлы инфрақұрылым болуға тиіс.

— Биыл Астананың көлік жүйесін дамытудың 2035 жылға дейінгі кешенді бағдарламасы қабылданды. Бұл құжаттағы іс-шараларды дер кезінде жүзеге асыру керек. Қаладағы көлік инфрақұрылымына назар



қауіпсіздігіне қатер төндіріп жатыр. Биылғы он бір айда Астанада жол-көлік оқиғасынан 675 бала зардап шеккен, бес бала қаза болған. Жұрт үйлердің арасында жаяу жүргіншілер жолағы, жылдамдықты шектеу белгілері жоқ деп шағым айтады. Мұның қандай себеппен болып жатқанын ешкім білмейді.

Ауланы жарықтандыру мәселесі де өзекті. Мен өзім бұл мәселеге баса назар аударып отырмын. Әсіресе, тұрғын үйлер және білім беру мекемелерінің маңындағы жүк көліктерінің қозғалысын реттеу қажет. Шешілмей жатқан тағы бір мәселе — көлік тұрақтарының жетіспеушілігі. Бұл мәселені ретке келтіретін кез келді. Шетелдің озық тәжірибесін қолдану керек. Мысалы, көпқабатты тұрақтар салуға болады, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкіметке әкімдікпен бірге осы мәселені мұқият пысықтап, нақты ұсыныс енгізуді тапсырды.

— Жуырда біз елімізде толыққанды авиахабтар қалыптастыру мәселесін қарастырдық. Соның ішінде елорда әуежайына қатысты жұмыс та бар. Бірақ Қазақстанда өндірілетін авиа жанармай көлемі жеткіліксіз. Осы жағдай авиахабтарды дамытуға кедергі болуы мүмкін. Сондықтан

— Жаңа қосалқы станцияларды салуды жеделдеткен дұрыс. Мұнда қандай да бір кедергілерге жол бермеу керек. Үкіметке қажетті қаржыны бөлуді тапсырамын. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйелері мен энергетикалық инфрақұрылымның үздіксіз жұмыс істеуі — кез келген қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің басты шарты. Олай болмаса қалған шаруадан қайран жоқ. Мемлекеттің табанды жұмысы арқылы елордаға газ құбыры тартылды. Ал республика аумағындағы газбен қамту көрсеткіші 60 пайыздан асты. Экономиканың қажеттілігі артып келе жатқанын ескерсек, қазір өндірілетін 29 миллиард текше метр тауарлы газ ішкі сұранысты толық өтей алмайды. Сондықтан газ өңдеу бойынша жоспарланған барлық жобаны уақытылы іске қосу өте маңызды. Бұл жұмыс орнықты әрі кепілді ресурстық база қалыптастырумен қатар жүргізілуі керек, — деді Президент.

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ БАҚЫЛАНАДЫ

Мемлекет басшысы тұрғын үйлер сапалы салынуы қажет екенін айтты.

— Астана — құрылыс қарқыны бойынша елімізде көш бастап тұр. Жыл басынан бері

әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, өндірістегі қауіпсіздікті күшейту үшін нақты шаралар қабылдауға тиіс. Жұмыс орнында болуы мүмкін қауіп-қатерлерді саралап, оқыс оқиғалардың алдын алу қажет. Әр қайғылы оқиғаның себеп-салдарын мұқият зерделеп, тиісті қорытынды жасаған жөн, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, қала халқының саны өте жылдам өсіп жатыр. Әлеуметтік инфрақұрылымға, әсіресе денсаулық сақтау және білім беру жүйесіне зор ауыртпалық түседі.

— Мәселе тым күрделенбей тұрғанда, жүйелі жұмыс істеу керек. Астана әкімі бірқатар медицина нысанының жұмысымен таныстырды. Екі емхана және балаларға арналған травматология орталығы салынатынын айтты. Қаланың медицина инфрақұрылымын дамыту — өте маңызды міндет. Осыған орай, әкімдікке Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін орталықтар адам тығыз қоныстанған аудандарда көбірек ашылуға тиіс. Бұл талап білім беру нысандарын салған кезде де қатаң сақталуы керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мектеп тапшылығы — еліміздегі аса өзекті мәселенің бірі екенін еске салды. Мектеп салу қарқыны бала санының өсу қарқынына ілесе алмай келеді. Алдағы үш жылда мектептегі орын тапшылығы 400 мыңға дейін жетуі мүмкін. Соның ішінде елордада 28 мың оқушыға орын жетіспейді деген болжам бар.

— Алматы, Шымкент қалалары және Алматы, Түркістан, Маңғыстау облыстарында осындай жағдай қалыптасуы мүмкін. Әрине, бұл бағытта біраз шаруа атқарылды. Соңғы 5 жылда бір миллионнан астам оқушыға арналған мыңға жуық мектеп пайдалануға берілді. Астанада 75 мектеп салынды. Қазір қалада үш ауысыммен оқытатын мектеп қалған жоқ. Бұл ретте «Келешек мектептері» ерекше атап өткен жөн. Архитектуралық және техникалық тұрғыдан қарағанда, бұл — заманауи әрі жоғары деңгейде жабдықталған мектептер. Аталған бағытта әжептәуір тәжірибе жиналды. Сондықтан ауқымды жобадан гөрі қауіпсіз, сапалы құрылыс жұмыстарына кірісуіміз керек. Дегенмен оның бағасы қымбат болмауға тиіс. Бұл еліміздегі білім беру инфрақұрылымын жаңғыртуға қалыптасуы жұмысқа айналуы керек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент мектеп құрылыс бойынша мемлекет-жекеменшік серіктестігін жетілдіруді тапсырды.

— Әсіресе, жеке мектептерді дамытуға айрықша назар аударған жөн. Бұл салаға инвестиция тарту ісінде жүйелі шаралар қабылдаған дұрыс. Атап айтқанда, мемлекет-жекеменшік серіктестік құралын жетілдіру маңызды. Дәл қазір жеке мектептердің өрісін кеңейту міндеті тұр. Өйткені тексеріс барысында қызметін теріс мақсатта пайдалану, тіпті алаяқтық жағдайлары анықталып жатыр. Мұндай фактілер лицензия беру, қаржыландыру, бақылау жұмыстарының әлсіздігін көрсетеді. Сонымен қатар кейбір әкімдіктер жоспарлау кезінде үлкен қателіктер жіберген.

Атап айтқанда, демографиялық өсім мен аумақтық даму мәселелері ескерілмей, жеке мектептерді ашуға беталды рұқсат берілген. Соның салдарынан, бір жерде мемлекеттік және жеке мектеп қатар салынған. Ал шын мұқтаж аудандарда білім беру инфрақұрылымы сол күйі дамымай қалған. Бұл — ведомстволық байланыстың әлсіздігін көрсетеді, жұмысқа жүрдім-бардым қараудың дәлелі. Орта білім беру жүйесін демографиялық есепке және нақты нәтижелерге негіздей отырып кешенді түрде дамыту қажет. Қолданыстағы модельді түбегейлі өзгерту керек, — Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір бүкіл әлем күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқанын, соған қарамастан еліміз жақсы қарқынмен дамып келетінін айтты.

— Өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік-логистика салалары дамудың қозғаушы

күшіне айналды. Жыл қорытындысы бойынша, экономикамыз 6 пайызға өседі деп болжанып отыр. Ал жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім 15 мың доллардан асады. Жүйелі түрде жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыс өз нәтижесін беруде. Біз қазір ел өміріндегі тағдыршешті реформалар кезеңіне қадам бастық. Бүкіл мемлекеттік аппарат, бірінші басшыдан қарапайым қызметкерге дейін мұны терең түсінуі керек. Бұрын-соңды болмаған маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін жоғары қарқын мен бастамашылық таныту қажет. Батыл, шеңберге сыймайтын, бірақ ақылға қонымды шешімдер қабылдаған жөн. Мемлекеттік қызметте жалқаулыққа, жұмысқа жауапсыз қарауға орын жоқ. Халыққа әдемі есеп емес, нақты іс керек. Сондықтан барлық басшы мен лауазымды тұлғадан елге пайдасы бар жұмыс талап ететін. Алдымызда атқаратын міндет көп, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде реформалар жалғаса беретінін жеткізді.

— Мен Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтердім. Бұл — соңғы жылдары қолға алынған ауқымды өзгерістердің заңды жалғасы. Түпкілікті шешім жалпыхалықтық референдумда қабылданады. Азаматтарымыз мақұлдаса, Ата Заңға көптеген өзгеріс енгізіледі. Түзетулердің ауқымын ескерсек, мұны жана Конституция қабылдаумен бірдей қадам деуге болады. Біз озық ойлы ұлт ретінде болашаққа сеніммен қараймыз.

Алдымызда биік мақсаттар тұр. Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыруымыз қажет. Толық цифрлық мемлекет болуымыз керек. Энергетика, ауыл шаруашылығы салаларын дамыту қажет. Мұның барлығы — бір күндік шаруа емес. Біз ортақ мүдде жолында күш біріктірсек, осы мақсаттын бәріне жетеміз. Астана әрдайым ауқымды жұмыстардың бастауында тұруға тиіс. Елордамыз басқа аймақтарға барлық жағынан үлгі болуы керек. Айтылған міндеттердің барлығы уақытылы әрі сапалы орындалуға тиіс, — деп қорытындылады созын Мемлекет басшысы.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАСЫМДЫҚ

Бұдан соң Президент Тапым көпфункционалды кешенін аралап көрді. Мемлекет басшысы оқу сыныптарын, хореографиялық залды, коворкинг-орталықты, жасанды интеллектінің инновациялық жүйесі енгізілген жүзу бассейнін, кеме модельдеу шеберханасын, театр өнері студиясын мен спортзалды аралады.

750 балаға қызмет көрсететін бұл орталық балалар мен жастардың талантын шыңдауға, көшарменшілік қабілетін, ғылыми ойлау жүйесі мен шығармашылық әлеуетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жоба балаларға заманауи білімді, технологияны, мәдениет пен спортты қолжетімді етуге бағытталған.

Қазір кешенде 100-ден астам жоғары білікті педагог жұмыс істейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев орталықтың ұстаздарымен және оқушыларымен әңгімелесіп, балалар мен жастар шығармашылығын дамытудың маңызына тоқталды. Сонымен қатар балаларға табыс тіледі.

Елорда нысандарын аралау барысында Мемлекет басшысы Нұра ауданында орналасқан NGS Astana жеке меншік білім беру мекемесінің жұмысымен танысты.

1 320 оқушыға есептелген мектеп жаратылыстану-математика және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттарында білім береді. Әсіресе, математика мен ағылшын тілі тереңдетіп оқытылады.

Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қажетті барлық жағдай жасалған. Оқушылар үш мезгіл тамақтандырылады. Ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларға қолайлы орта қарастырылған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мектеп құрылысының бизнесті мемлекеттік қолдау шаралары аясында бой көтергені жөнінде баяндалды. Қаржының 40 пайызын «Даму» қоры кредит ретінде бөлген.

Президент оқу кабинеттерін, кітапхананы, спортзалын аралап көрді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Инклюзивті спорт орталығының қызметімен танысты.

Бұл — еліміздегі мүгедектігі бар адамдарға арналған спорттық, медициналық, оңалту және білім беру инфрақұрылымын біріктірген алғашқы кешен.

Астанада мүмкіндігі шектеулі 42 мыңға жуық азамат тұрады. Олардың басым көпшілігі — балалар, жастар мен еңбекке қабілетті жастағы адамдар. Олар орталықта спортпен тұрақты түрде шұғылданып, оңалту курсынан өте алады. Осылайша, әлеуметтік ортаға бой үйретеді.

Мекемеді көпфункционалды спортзалы, реабилитация блогы, 15 медициналық кабинет, конференц-зал, сондай-ақ алты бөлмелі қонақ үй секторы қарастырылған. Мұнда оқу-жаттығу жиыны, жарыстар мен білім беру бағдарламалары кезінде параспортшылар жыйғасады.

Орталықта спорттың 12 бейімделген түрінен жаттығу жүргізіледі. Спорт және білім салаларында мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін маман даярлауға айрықша мән беріледі.



аудару керек. Азаматтар жолдың сапасы нашар екенін айтып, жиі шағымданады. Қоғамдық көліктердің қызметіне қатысты мәселелер де бар. Келенсіз жайттар Астананың абырой-белесіне нұқсан келтіреді. Қоғамдық көліктер ең алдымен тұрғындарға ыңғайлы болуы керек және уақытылы жүруге тиіс. Жеке көліктен гөрі автобуспен жүрудің тиімді болғаны жақсы. Сондықтан қоғамдық көліктердің санын көбейту қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жеңіл рельсті көлік желісін ұзарту және Қабанбай батыр даңғылында екі деңгейлі жол салу ұсынысын қолдады.

— Жеңіл рельсті көлік жобасы да өте маңызды. Көп ұзамай оны толық іске қосу керек. Мен жеңіл рельсті көлік желісін ұзарту туралы ұсынысты қолдаймын. Бұл қадам көлік кептелісін азайтуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Үкімет, ең алдымен, жобаны қаржыландыру мәселесін шешуге тиіс. Сондай-ақ Қабанбай батыр даңғылында екі деңгейлі жол салу туралы ұсынысқа қолдау білдіремін. Жобаның құжаттарын келесі жылы әзірлеп, 2027 жылы құрылысты бастау қажет. Бұған қоса, Үкімет әкімдікпен бірлесіп, Тәуелсіздік даңғылын ұзарту жұмыстарын жалғастыруы керек, — деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Осы тұста Қасым-Жомарт Тоқаев елорда жол-көлік оқиғаларының көбейгеніне алаңдаушылық білдірді.

— Жалпы, қалада құрылыс өте көп. Көлік саны да аз емес. Бұл жағдай, бір жағынан, тұрғындардың, әсіресе балалардың

Үкімет авиа жанармай өндірісін арттыру үшін нақты шаралар қабылдауға тиіс. Бәлкім, жаңа мұнай өңдеу зауытын салу керек шығар. Оның артықшылығы да, кемшін тұстары да бар. Үкімет осыған қатысты өз ұстанымын айқындап, нақты шешім қабылдауы қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің сөзінше, көші-қон қарқынының артуы, ірі қалалардағы құрылыстың тығыз салынуы инженерлік желілер мен шаһар тіршілігін қамтамасыз ететін нысандарға айтарлықтай салмақ салады.

— Бірнеше жыл бұрын елордада ауыз-судың тапшылығы сезілді. Оның сапасына қатысты сын айтылды. Осы мәселелерді шешу үшін жаңа су құбырлары тартылып, сорғы-сүзгі станциялары салынып жатыр. Олардың кейбірі пайдалануға берілді. Елдің бас қаласын сумен тұрақты қамтамасыз ету — техникалық міндет қана емес. Бұл — ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Мұнда ұсақ-түйек нәрсе болмайды, барлығын алдын ала ойластырып, уақытылы жасау қажет. Төртінші ауызсу станциясын межелі мерзімде салған жөн. Биыл Астана су қоймасын ауқымды тазартудың бірінші кезеңі аяқталды. Жұмыстың осы қарқынын жоғалтпау маңызды. Екінші кәріз-тазарту құрылысы мен қалаішілік тазарту жүйесін іске қосу керек, — деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев елорданың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету ісінде энергетикалық инфрақұрылым аса өзекті мәселе екенін жеткізді.

қалада 5 миллион шаршы метр үй салынған. Бұл — бүкіл елде қолданысқа берілген тұрғын үйлердің төрттен бірі деген сөз. Әрине, жақсы көрсеткіш. Бірақ санды көбейтеміз деп, сапаны ұмытып кететіндер бар. Мысалы, таяуда тұрғын үйдің сыртқы қаптамасы опырылып түсті. Тағы бір үйде лифт құлады. Екі жағдай да қайғылы оқиғаға әкеп соқтырды.

Сапасыз материалдарды пайдалану, құрылысқа қатысты ережелерді және қауіпсіздік талаптарын сақтамау — нағыз қылмыс. Мұны ашық айтуымыз керек. Бұған мүлдем жол беруге болмайды. Үкімет құрылыстың барлық кезеңін, яғни жобалаудан бастап дайын үйді тапсыруға дейінгі үдерісті толық цифрландыруға тиіс. Сол арқылы бұл салада тәртіп орнатып, жұмыстың сапасын қамтамасыз етуі қажет. Аймақ әкімдері елді мекендердің цифрлық көшірмесін жасап, барлық нысанның жай-күйін үнемі бақылауда ұстауы керек. Құрылыс компанияларының жауапкершілігін күшейту қажет. Үй салып жатқан компаниялар мен мердігерлер туралы және сараптама нәтижелері жайлы ақпарат ашық әрі қолжетімді болуға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өндірістегі қауіпсіздікті күшейту үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

— Тағы бір мәселе: елордада жұмыста жүріп жарақат алу деректері көбейіп баралы. Жыл басынан бері қаладағы өндіріс орындарында 32 адам зардап шегіп, 12 адам қаза тапқан. Әкімдік Еңбек және халықты

БАҒДАР

МӘЖІЛІС ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен палатаның жалпы отырысында депутаттар Жоғары аудиторлық палата төрағасының «Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын көрсету тиімділігіне жүргізлетін мемлекеттік аудит» тақырыбындағы есебін тыңдады. Сонымен қатар отырыста креативті индустрияларды қолдау мен дамыту туралы заң екінші оқылымда қабылданды.

Депутаттарға аудит нәтижелерін таныстырған Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов Мемлекет басшысы бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға ерекше мән беретінін атап өтті. Ол өңірлерді мамандандырудың және бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды атаулы қолдаудың маңыздылығына тоқталды. Аудиттің мақсаты — мемлекеттік қолдаудың бизнестің іскерлік белсенділігіне қаншалықты серпін беретінін анықтау екенін айтты.

Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы атап өткендей, ұзақ уақыттан бері бұл саладағы саясатты қалыптастыруға жауапты мемлекеттік органның бекітілмеуі жүйелі кемшілік болып отыр. Ұлттық экономика министрлігіне бұл міндет 2023 жылдың сәуірінде ғана жүктелген, алайда әлі де болса жүйе тәртіпке келтірілген жок, қабылданған шаралар жеткіліксіз болып отыр.

— Бүгінгі таңда түрлі шаралар, тетіктер, операторлар көп, қарапайым кәсіпкерге оның бәрін түсіну қиын. Тиісті деңгейде цифрландырудың жүргізілмеуі жағдайды ушықтыра түседі. Өтініш беруден бастап, шаралардың әсерін бағалауға дейінгі аралықтағы қолдаудың барлық түрін қамтитын бірыңғай ақпараттық платформа әлі іске қосылған жок, — деді Ә.Смайылов.

Оның айтуынша, мемлекеттік қолдау жүйесіндегі бірізділіктің жоқтығы салдарынан көптеген оператор пайда болған. Мәселен, қарыздарды субсидиялау, экспортты қаржыландыру, консультация беру, шығындардың бір бөлігін өтеу операторлары және басқа да қызметтерді ұсын-

атындар бар. Операторлардың қызметіне жұмсалатын шығыстарды есептеу бір ізге түсірілмеген, іс жүзіндегі еңбек шығындары есепке алынбайды. Операторлар көрсеткен қызметтердің сапасына бағалау жүргізілмейді. Бұл ретте ведомстворалық үйлестіру жеткіліксіз болғандықтан, операторлар өз ережелерін орнатқан.

Аудит нәтижесінде Жоғары аудиторлық палата 133 млрд теңге бюджет қаражатының тиімсіз жоспарланғанын және пайдаланылғанын, 132 млрд теңгенің қаржылық есебі бұрмаланғанын, жалпы сомасы 13 млрд теңгеге тең қаржылық бұзушылықтар болғанын анықтады. Әкімшілік жауапкершілік бойынша 105 материал жолданып, 14 материал құқық қорғау органдарына жіберілгені белгілі болды.

Өз кезегінде Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарын жеткізді.

— Үкімет экономиканы дамыту үшін жеңілдетілген несие беру жүйесін қалыптастыруы керек. Атап айтқанда, кәсіпкерлік субъектілеріне жылдық 8-10 пайыз мөлшерлеменен несие беру тетігін енгізу қажет. Қайтарымсыз субсидия беру тәжірибесін тоқтатқан жөн. Соңғы 3,5 жылда бизнес субъектілерін қолдау мақсатымен бюджеттен банктердің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға 686 млрд теңге жұмсалған, — деді депутат.

Ол сондай-ақ егер мемлекеттік қолдау алған кәсіпкерлік субъектілер өз қызметін тоқтатқан жағдайда кәсіпорын, оның құрылтайшылары мен акционерлері көр-



сетілген мемлекеттік қолдауды толық көлемде мемлекетке қайтаруды міндеттеу қажеттігін баса айтты. Сонымен қатар депутат мемлекеттік қолдау көрсетілген кәсіпорындар шикізатты, тауар мен қызметті тек отандық өндірушілер тізіліміне енгізілген кәсіпкерлерден ғана алуы керек деген пікір білдірді.

Нұртай Сабильянов жақында депутаттар мемлекеттік қолдау шаралары бойынша бірыңғай цифрлық платформаны іске қосу бойынша түзетулер енгізіп, қабылдағанын еске салды. Бұл оларды жүйелеуді және ашықтықты қамтамасыз етеді. Осыған байланысты комитет төрағасы Үкіметке тиімділік көрсеткіштерін әзірлеуді, мемлекеттік органдар мен даму институттарының барлық ақпараттық жүйесін біріктіріп, платформаны іске қосуды ұсынды. Сондай-ақ қолдау шараларын ұсыну мерзімдерін анықтап, бір кәсіпорынға екі рет қолдау көрсетуді тоқтату қажеттігін айтты.

Депутаттар қолдау шараларының бірыңғай тізілімін қайта қарау және құру, олардың қолжетімділігі мен тиімділігін бағалау мәселелерін талқылады. Ресурстарды жоғары қосылған құны мен экспорт-

тық әлеуеті бар салаларға бағыттауға, әлеуметтік жағынан осал топтардан шыққан кәсіпкерлерді қолдауға, өнімді өңдеу деңгейіне байланысты бизнесті ынталандыруға ерекше назар аударылды. Мәжіліс депутаттары шараларға «бір терезе» қағидаты арқылы ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету, тиімсіз кәсіпорындарды қолдауды тоқтату қажеттігін атап өтті.

Қазақстан Халық партиясы, «Ауыл», Respublica, «Ақ жол» және «AMANAT» партиялары фракцияларының жетекшілері де өз пікірлерін білдірді. Депутаттардың барлық ұсынысы мен сұрақтары қорытынды ұсынымдарда жинақталып, Үкіметке жолданады.

Талқылаудан кейін Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов елде кәсіпкерлікті қолдаудың ауқымды шаралары ұзақ жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқанын, осы бағытта Мемлекет басшысы нақты тапсырмалар бергенін атап өтті. Спикер барлық қолдау шараларына кешенді ревизия жүргізіп, бірыңғай, орталықтандырылған саясатты әзірлеу, институционалдық жауапкершілікті арттыру және заңнаманы кәсіпкерлердің сұранысына бейімдеу қажет екенін айтты.

— Мемлекет басшысы біздің алдымызға нақты міндет қойды. Ол — жеке кәсіпкерлікті қолдауды экономикалық өсімнің драйверіне айналдыру. Осы ретте мемлекеттік қолдау жұмыс орындарын құрып, кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктер ашып, отандық өндірісті нығайтуға ықпал етуі керек. Бүгінгі Жоғары аудиторлық палатаның ұсынымдары мен депутаттар айтқан барлық ұсынысты Үкімет назарға алуға тиіс. Біз осы мәселеге әлі де қайтып ораламыз. Бұл депутаттардың тұрақты бақылауында болады, — деді Е.Қошанов.

Жалпы отырыс барысында Мәжіліс депутаттарының бастамасымен әзірленген креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері туралы заң екінші оқылымда қабылданды. Жұмыс тобының жетекшісі Нұргүл Таудын айтуынша, түзетулер шығармашылық қызметті жүзеге асыру рәсімдерін одан әрі реттеуге бағытталған.

— «Креативті индустрия қызметкері» және «креативті индустрия субъектілерінің тізілімі» ұғымдары енгізіледі. Мәдениет және ақпарат министрлігінің креативті индустриялар саласындағы жобаларға жеке инвестицияларды тарту мониторингін жүргізу құзыреті белгіленді. Әкімдіктерге креативті индустриялар саласындағы кәсіпкерлікті дамыту арқылы оның әлеуетін көтеруге және талантты азаматтарды қолдауға жағдай жасау құзыреті беріледі. Шығармашылық пен кәсіби даму еркіндігі үшін креативті индустрия қызметкерлерінің құқық қорғау туралы нормалар қарастырылған, — деді Мәжіліс депутаты.

Екінші оқылымға дайындық барысында депутаттар уәкілетті органның мемлекеттік қолдауға өтініш беретін креативті индустрия саласы субъектілерінің бірыңғай тізілімін құру және жүргізу, сондай-ақ жастардың шығармашылық бастамалары мен жобаларын қолдау арқылы жастарды шығармашылық салаларға тарту өкілеттігі қамтылған түзетулерді енгізді.

Сонымен қатар осы құжат бойынша, шетелдік әртістер қатысатын ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу кезіндегі ұйымдастырушылардың қызметі регламенттеледі. Кинопрокатқа шығатын фильмдерге прокат куәлігін беру тәртібі де өзгерді.

Отырыста палата комитеттері екі жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады. Олар: бал ара шаруашылығы туралы, баламалы энергия көздерін дамыту туралы заң жобалары.



ЕҢБЕК АДАМДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



(Басы 1-бетте)

Айсұлу СЪЕЗХАН

Салтанатты жиын барысында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда еңбек қулығін орнықтыру, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру саясатын жүйелі түрде жүргізіп отырғанын атап өтті. «Мемлекет басшысы биыл кәсіби мерекелер аясында энергетиктерді, құтқарушыларды, мұғалімдерді, мұнайшыларды, дәрігерлерді, су шаруашылығы саласының қызметкерлерін, ауыл шаруашылығы мамандарын Ақордада арнайы қабылдап, құрмет көрсетті. Жалпы, осы жылы Президент Жарлығымен 1300-ге жуық жұмысшы мамандықтар өкілі мемлекеттік марапатқа ие болды. Осының барлығы еселі еңбекті қадірлеуге бағытталған маңызды қадамдар. Бұл — еңбек адамы мемлекеттік саясаттың басты назарында деген сөз», — деді ол.

Ерлан Қарин еңбекті қадірлеу, ұрпақтар сабақтастығын сақтау, жұмысшы жастарды қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала беретінін айтты.

«Жұмысшы мамандықтары жылы» біздің қоғам еңбекті ерекше қадірлейтінін көрсетті. Халық арасында елге нақты пайда әкелетін адамдар құрметті, сыйлы екенін байқатты. Кәсіби мамандарды дәріптеу алдағы уақытта да үздіксіз жалғаса бермек», — деді Мемлекеттік кеңесші.

Бұл ретте Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақ-

парат министрі Аида Балаева «Жұмысшы мамандықтары жылы» ұзақмерзімді стратегиялық маңызы зор бастамаға айналатынын мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл стратегия маңызды бағыттарының бірі — техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту. Биыл қолға алынған барлық институционалдық бастама алдағы бес жылда жалғасын табады.

«Жыл бойы жұмысшы мамандардың беделін арттыруға, кадр даярлау жүйесін дамытуға, білім беру мен экономикалық сектордың арасындағы байланысты нығайтуға ерекше назар аударылды. Бүгінде ел экономикасында жұмыспен қамтылған 3,3 миллион адам жұмысшы мамандықтары бойынша еңбек етуде. Олар екі мыңға жуық түрлі техникалық кәсіптерді қамтып отыр. Ал еңбекпен қамтылған жастардың саны 1,2 миллионға жетті. Жұмысшы кәсіптердің ішінде кен танымал мамандар бар. Мәселен, 57 мың ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын фермер, 25 мыңнан астам дөңкерлеуші, 16 мың автокөлік құралдарын жөндеуші және слесарь — бұл бір бөлігі ғана. Биыл 4 мыңға жуық кәсіпорын жас азаматтарға арналған ашық есік күндерін өткізді. Оған 113 мыңнан астам оқушы мен студент қатысты. Жастар кәсіби өсуіне және еңбекті құрметтеуге жол ашатын жұмысшы мамандықтарды белсенді түрде танып келеді», — деді ол.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы

Дәулет Кәрібек биыл партия жұмысшы мамандықтарын дәріптеу, жастарды осы салаға тарту бағытында жүйелі жұмыс жүргізгенін атап өтті.

«Мемлекет басшысының осы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауының маңызы зор. Бүгінде қоғамда еңбек адамының беделі артып, жұмысшы мамандықтарына деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Ел дамуының қозғаушы күшіне айналып, адал еңбек етіп жүрген азаматтарға қолдау көрсету — «AMANAT» партиясының негізгі ұстанымдарының бірі. Кейінгі үш жылда партия «Еңбек адамы» жобасын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Биыл ұйымдастырылған іс-шаралардың басым бөлігі жұмысшы мамандық иелеріне арналды. Еңбек адамына деген құрмет, жұмысшы мамандықтарға деген қолдау алдағы уақытта да жалғасын табады», — деді ол.

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында «AMANAT» партиясы 150-ге жуық еңбек ұжымдарымен кездесу өткізді. Бұған қоса, 20-ға жуық жұмысшы жастар форумын ұйымдастырып, еліміздің 20 өңірінде 20 мың азаматтың жұмысқа орналасуына мүмкіндік берген бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін қолға алды. Сонымен қатар партия Үкіметпен бірлесіп, жұмысшы жастардың әлеуметтік мәселелерін шешуге және олардың кадрлық әлеуетін арттыруға бағытталған ауқымды «Жұмысшы жастар аманаты» жобасын іске қосты. Жиын барысында осы жобаға белсенді қатысқан өңірлік жастар марапатталды.

Іс-шара соңында жұмысшы мамандықтарының үздік өкілдері және «Еңбек жолы» республикалық конкурсының жеңімпаздары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Атап айтқанда, «Құрмет» ордені, III дәрежелі «Еңбек Данқы» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласының дамуына үлес қосқан еңбек адамына «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Ал «Ерлік пен еңбек дастаны» конкурсының жеңімпаздары ақшалай сертификаттарға ие болды.

Астанада «AMANAT» партиясы мен PARYZ Қазақстан Республикасы Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасын жүйелі жүзеге асыруға, қызметкерлердің несиеге тәуелділігін азайтуға, олардың қаржылық сауаты мен тұрақтылығын арттыруға, сондай-ақ отбасылар мен еңбек ұжымдарының әлеуметтік тұрақтылығын нығайтуға бағытталған.

«AMANAT» ПЕН PARYZ ЖҮЙЕЛІ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУГЕ УАҒДАЛАСТЫ

Іс-шараға «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек және PARYZ Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясы президентінің төрағасы Жұмабек Жанықұлов қатысты.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы «Қарызсыз қоғам» жобасы кейінгі жылдары партиялық бастамадан ауқымды жалпыұлттық бағдарламаға айналғанын және қиын қаржылық жағдайға тап болған азаматтарды қолдау құралы ретінде өз тиімділігін дәлелдегенін атап өтті.

«Қарызсыз қоғам» жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауына ие болды. Биыл Президент өз Жолдауында оны одан әрі жүзеге асыру және дамыту қажет екенін тағы да атап өтті. Жобаның құндылығы формалды көрсеткіштермен емес, айқын нәтижелермен және азаматтарға тигізетін нақты пайдасымен өлшенеді. «Қарызсыз қоғам» жобасының тиімділігі партияның, мемлекеттік органдардың, қаржы институттары мен қоғамдық құрылымдардың бірлескен күш-жігері арқылы қамтамасыз етіледі. Мұндай өзара іс-қимыл күрделі қоғамдық міндеттерді шешудегі әлеуметтік әріптестіктің әлеуетін айқын көрсетеді. Осы тұрғыда PARYZ Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қою қисынды әрі уақытылы шешім болып отыр», — деді Дәулет Кәрібек.

Меморандум «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыру шеңберінде тараптар ынтымақтастығының жалпы қағидаттарын, бағыттары мен нысандарын айқындайды. Оның мақсаты — азаматтардың борыш жүктемесін азайтуға, жауапты қаржылық мінез-құлық қалыптастыруға және еңбек ұжымдарының қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған әріптестік қатынастарды орнату әрі ұзақмерзімді, жүйелі және тиімді өзара іс-қимылды дамыту.

Құжат аясында қызметкерлерге кеңес беру, ақпараттық және заңгерлік көмек көрсету, оқыту іс-шараларын жүргізу, түсіндіру материалдарын әзірлеу және тарату, сондай-ақ несиеге тәуелділіктің жүйелі себептерін бірлесіп талдау және әрекет ету шараларын әзірлеу көзделуде.

Ұйымдастырушылық өзара іс-қимыл шеңберінде тараптар бірлескен іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жобаны сүйемелдеу үшін цифрлық құралдарды пайдалану мүмкіндігі туралы уағдаласты.

Өз кезегінде, PARYZ Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясы президентінің төрағасы



Жұмабек Жанықұлов қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында тұрақты қарым-қатынас болмайынша, лайықты еңбек, әділетті жалақы және қауіпсіз жағдай жөніндегі халықаралық стандарттарды жүзеге асыру мүмкін емес екенін атап өтті. Оның айтуынша, меморандум осы бағыттағы бойынша жүйелі және бірлескен жұмыстың негізін қалайды.

«Қарызсыз қоғам» — «AMANAT» партиясының бастамасымен қолға алынған өте маңызды және уақытылы жоба. Біз әрдайым бірлескен жұмысқа белсенді аталысуға дайынбыз. Партиямен бірлесіп жұмыс берушілерді қаржылық сауаттылықты арттыру және несие жүктемесін азайту бағдарламаларына тарту — маңызды қадам деген ойдамыз. Бұл өз кезегінде қызметкерлерге қолайлы жағдай жасайды. Бүгінде өңірлерде әлеуметтік диалог орталықтары ашылды. Мәселен, жуырда Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында осындай орталық өз қызметін бастады. «AMANAT» партиясының және кәсіподақтардың атсалысуымен осы орталықтарда қызметкерлердің қарыз берешегі мәселесін шешу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде», — деді Жұмабек Жанықұлов.

Іс-шара қорытындысы бойынша тараптар «AMANAT» партиясы мен PARYZ Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясы арасындағы ынтымақтастық әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға, қызметкерлердің мүддесін қорғауға және елдегі әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамытуға ықпал ететініне сенім білдірді.

СЕРПІН

25 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Мадияр ТӨЛЕУ

БЕЙБІТШІЛІКТЕН
БАСТАУ АЛҒАН БАЙЛАНЫС

Орталық Азия аймағының Күншығыс елімен байланысы бүгін басталған жоқ, сонау 1990-жылдардан бері түрлі салада күш біріктіруге көшті. Мысал ретінде Қазақстан мен Жапонияның халықаралық саяси арена-ларда ядролық қаруларды шектеуге үндейтін бейбітшілік бастама-ларын айта аламыз. Тіпті, біз сөз еткелі отырған «Орталық Азия – Жапония» саммиті алғаш рет 21 жыл бұрын өткізілген еді. Сондықтан Күншығыс елі бізге тансық емес.

— «Орталық Азия – Жапония» форма-тының 2004 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқаны Жапонияның аймаққа деген ұзақмерзімді стратегиялық қызығушы-лығын және өзара қарым-қатынастың эволюциялық түрде дамығанын көрсетеді. Токио мен Қазақстан арасындағы қа-тынастарда бастапқы кезеңнен-ақ «жұм-сақ күш» саясатына, сенімге негізделген серіктестік қалыптастыруға басымдық берілді. Қазір бұл тәсіл аймақта Жа-понияға деген оң имиджің орнығуына, сондай-ақ саяси элиталар деңгейінде өзара түсіністіктің нығаюына ықпал етті деуге болады. Нәтижесінде, ынтымақ-тастықты одан әрі тереңдеткен берік институционалдық негіз қалыптасты, — дейді саясаттанушы Жанерке Қай-ратқызы.

Осы тұста біз Қазақстан Орталық Азиядағы көшбасшы позициясын ны-ғайта түскенін аңғарамыз. Бұның бір мысалы — аймақ пен Жапонияның тауар айналымы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияға ресми сапармен барғанында Қазақстан мен Күншығыс елінің арасындағы алыс-беріс былтыр 2 млрд долларға жеткенін, бұл — Жапония мен Орталық Азия арасындағы сауданың 70 пайызы екенін айтты. Сонда екі тараптың жалпы тауар айналымы шамамен 2,85 млрд долларды құрайды.

Биылғы 9 айдың өзінде екі ел арасын-дағы сауда 1,3 млрд долларға жетті. Қазақ-стан тарапы жапондықтарға шикізатымен маңызды болса, еліміз олардың жаңа технологиясы мен көліктеріне қызығады.

Экономикалық тұрғыда инвестиция-лардың да мәні орасан. Орталық Азияны қолдауда Күншығыс елі басқалардан кем емес. Қазақстанның сыртқы сауда палата-сының дерегінше, осы уақытқа дейін жапон инвестицияларының көлемі 8 млрд доллар болған. Ал Өзбекстанға 2017-2024 жылдар аралығында 184 млн доллар инвестиция құйса, Тәжікстанға 2023-2024 жылдары шамамен 42,5 млн доллар қаржы салған. Қырғызстан мен Түрікмен-станның инфрақұрылым, ауыл шаруашы-лығы бағытындағы жобаларына да жапондықтар қолдау көрсетіп келеді.

— Жапония сөзсіз әлемнің алпауыт мемлекеттерінің бірі екенін АҚШ-тың өзі мойындайды. Бүлелозықтехнологиялары, экономикасымен ғана емес, мәдениетімен де өзгелерге үлгі. Жаһандық тәртіп пен саясат өзгеріп жатқан тұста жапондар өз мүддесі мен орны барын анық білдіріп отыр. Сондықтан Қазақстан үшін ғана емес, Орталық Азиядағы көршілерімізге де Күншығыс елімен саяси қарым-қатынас орнату, жапондық компания-лардың үлесін арттыру маңызды, — деп топшылады Қазбек Бейсебаев.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАН КҮНШЫҒЫСҚА: КЕЛЕШЕККЕ ЖОЛ АШҚАН КЕЛІСІМДЕР



Компания дегеннен шығады, қазір Қазақстанда 60-тан астам жапон кәсіп-орны табысты жұмыс істеп жатыр. Sumitomo, Marubeni, Toshiba, Mitsui секілді алыптар отандық нарықта орнығып үлгерген. Мұнымен шектелмей, саммит-тен кейін жапондық инвесторлар еліміз-дегі шағын және орта бизнесті қолдауға ниеттеніп отырғандарын жеткізген көрінеді.

— Кейінгі жылдары болған геосаяси және геэкономикалық өзгерістер Орталық Азияның маңызын айтарлықтай арттырды. Аймақтың табиғи ресурстық әлеуеті, стратегиялық көлік дәліздері және өсіп келе жатқан нарығы Жапония-ны ынтымақтастықты одан әрі тереңде-тіп, оны нақты практикалық шешімдер деңгейіне көшіруге серпін берді. Осы тұрғыда Токио декларациясының қабыл-дануын аталған үдерістің логикалық әрі заңды нәтижесі ретінде бағалауға болады. Саммит мазмұны декларативті мәлім-демелермен шектелмей, инновациялық жобаларды, технология трансфері, энер-гетика және адами капиталды дамыту мәселесін қамтыды. 150-ден астам ынты-мақтастық құжатына қол қойылуы кезде-судің тек формалды сипатта өтпегенін аңғартады, — деді саясаттанушы Жанерке Қайратқызы.

МҮДДЕЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Жалпы, саяси диалогтарда бірінші кезекте әр тараптың мүддесі ескерілетіні даусыз. Мәселен, АҚШ Орталық Азия-ның ирек металдарына қызықса, аймақ елдері ірі державаның технологиялық мүмкіндіктеріне қол жеткізуге тырысады. Қытай аймақты Еуропа нарығына шыға-тын көпір санаса, бес ел ол ұсынысты ескеріп, көлік-логистика желісінің ин-фрақұрылымына инвестициялар тартуды



Жалпы, саяси диалогтарда бірінші кезекте әр тараптың мүддесі ескерілетіні даусыз. Мәселен, АҚШ Орталық Азияның ирек металдарына қызықса аймақ елдері ірі державаның технологиялық мүмкіндіктеріне қол жеткізуге тырысады. Қытай аймақты Еуропа нарығына шығатын көпір санаса, бес ел ол ұсынысты ескеріп, көлік-логистика желісінің инфрақұрылымына инвестициялар тартуды көздейді.

көздейді. Бұндай мысалдар толып жатыр. Ал Орталық Азия Жапонияға не бере алады, өтеміне не алады?

Бұны білу үшін алдымен саммит қорытындысы бойынша қабылданған келісімдерді шолып көреміз. Өткен аптада Орталық Азия елдері мен Жапония ара-сындағы жаңа ынтымақтастық баста-малары жарияланды, онда алдағы 5 жылда сауда мен инвестицияны арттыруға ба-ғытталған бизнес жобалар көлемі 19 млрд долларды құрағаны жазылған.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жиында Жапония үкіметінің Ақтау портындағы кенендік рәсімдерді жетіл-діруге атсалысқысы келіп отырғанын, бұл шешімді толық құптайтынын жеткізді. Яғни, Күншығыс елі аймақтың транзиттік әлеуетін жақсартуға мүдделі. Орталық Азияның Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы негізгі сауда жолдарын тоғыстыратын арна ретіндегі рөлі жапондықтар үшін тың мүмкіндік бермек. Азия мен Еуропа бағытында құрлық жолымен тасымалданатын жүктің 80 пайыздан астамы Қазақстан арқылы өтетінін шетелдіктер түсініп отыр.

— «Орталық Азия +» форматындағы саммиттің маңызы айрықша артты.

АҚШ-пен, Еуропаның ірі елдерімен, Қытай және Ресеймен, енді міне Жапо-ниямен ауқымды жобаларды бірге атқа-рамыз. Алпауыттар үшін аймақтың қызығар тұсы көп, біз де соған орай құр қалмауымыз керек. Табиғи ресурстарға, шикізатқа бай екеніміз жасырын емес. Саясат құбылып тұрған шақта өз мүдде-мізді орнықтырып алған жөн. Жақында АҚШ басшысы Дональд Трамптың өзі Қазақстан Президентіне ерекше ілтипа-тын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев дұрыс бағыт тандап отыр, маңызды әрі пайдалы келісімдерге қол жеткізіп жат-қанымызды бағалау қажет, — дейді сарапшы Қазбек Бейсебаев.

Келісімдер тізімі бұнымен шектел-мейді. «Таза» энергетиканы дамытудың ұзақмерзімді стратегиясы, жаңа энерге-тикалық жүйеге көшуге қажетті ресурс саналатын сирек минералдарды игеру бастамалары бар. Сондықтан Қазақстан тарапы Жапониямен бірлескен Next-Generation SmartMining Plus жобасының іске қосылуын құптады.

Саясаттанушы Жанерке Қайратқызы-ның сөзінше, Орталық Азия елдері табиғи ресурстар мен өндірістік әлеует ұсынса, Жапония аймаққа технология, инвестиция

және басқару тәжірибесін әкелуге дайын. Бұл барлық тарап үшін де ұтымды, ұзақ-мерзімді серіктестік моделі. Бұрын аймақ мемлекеттері ресурстарын кез келген шарт-пен сатуға дайын болса, қазір ол артта қал-ды. Орталық Азия мемлекеттерінің әлемдегі беделі, соның ішінде аймақ ретінде ұжым-дық мүдделерін қорғауының күшеюі келіссөздердегі позициясын нығайтып отыр.

— Мысалы, Жапония уранды толықтай сырттан импорттайды. Алайда атом энер-гетикасы елдің энергетикалық қауіпсіз-дігін қамтамасыз етудегі маңызды тетік. Сонымен қатар Күншығыс елі үшін жо-ғары технологиялық және өндірістік бәсекеге қабілеттілікті сақтау мақсатында сирек кездесетін металдарда стратегиялық маңызға ие. Электроника, жартылай өт-кізгіштер, жасыл энергетика және авто-көлік өнеркәсібі осы ресурстарға тікелей тәуелді. Жапония бұл салада импорт көздерін әртараптандырғысы келеді. Токио бір ғана жеткізушіге байланбау үшін баламалы серіктестер мен жаңа нарықтарды іздеуде. Осы тұрғыда Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан Жапония үшін маңызды бағыттардың біріне айналды, — деп атап өтті сарапшы Ж.Қайратқызы.

Саммитте Қазақстан Президенті Орталық Азияда қуатты агроөнеркәсіп кешені барын еске салды. Сондықтан аймақ жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқара алады. Қазақстан Жапонияның ресурс үнемдеу технологиясына, шөлге төзімді дақылдар селекциясына, «ақылды» фер-маларды дамыту тәжірибесіне қызыққан. Енді тараптар ғалымдардың да басқосуын өткізуі мүмкін.

Орталық Азияның жайын сөз еткенде су тапшылығы мәселесін айналып өту мүмкін емес. Жыл басынан бері Қазақстан тарапы проблеманы жаһандық мінбер-лерде бірнеше мәрте көтергенін талай айттық. Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзін-ше, аймақ қазірдің өзінде су тапшылығын сезінді. Кейінгі 20 жылда өңірде жан басына шаққанда сумен қамту көлемі шамамен 30 пайызға төмендеді. Оның үстіне, су ресурстарының 70 пайызға жуы-ғы — трансшекаралық. Каспий теңізінің тартылуы аландаушылық туғызады, ал Арал экологиялық апаты су ресурстарын ретсіз пайдаланудың салдары қандай қайғылы болатынын көрсетті. Сондықтан Президент Жапонияның су саласын автоматтандыру және цифрландыру тә-жірибесіне ерекше қызығушылық таны-татынын ашық айтты.

Сол арқылы су үнемдеудің озық тех-нологияларын алмасу, ортақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және Жерді қашықтан зондтау секілді Бірлескен су шаруашылығын дамыту бағдарламасын әзірлеуге болады.

Маңызды келіссөздердің ішінде Токионың Орталық Азия елдерімен жасанды интеллект саласы бойынша тың серіктестік орнату жөніндегі бастамасы бар. Бұған қоса, алдағы уақытта Орталық Азия елдерінде жапон университеттерінің бөлімшелері ашылуы мүмкін. Яғни, серіктестік білім саласында да нығай-мақ.

Бұл аталғандар саммит қорытынды-сының бір бөлігі ғана іспетті. Әйтпесе, әр құжатқа жеке тоқталар болсақ, экономи-каға дем беретін жобалардың өте көп екенін көрер едік. Қалай алғанда да, Орталық Азия елдері көшбасшыларының Күншығыс еліне сапары сәтті өткені анық.

АЗАМАТТАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПАРТИЯ НАЗАРЫНДА

Елордада «AMANAT» партиясы жанындағы Мүгедектігі бар адамдардың инклюзиясы жөніндегі республикалық кеңестің 2025 жылғы қорытынды отырысы өтті. Жиында партияның сайлауалды бағдарламасы аясында мүгедектікті проактивті сырттай орнату тетігін енгізу, сондай-ақ Ақтөбе, Жамбыл және Павлодар облыстарында «Кедергісіз келешек» партиялық жобасының іске асырылу барысы қаралды.

Жиынға кеңес мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері және Халыққа қызмет көрсету орталықтары-ның қызметкерлері қатысты. Сондай-ақ бейнеконференцбайланыс режимі ар-қылы партияның өңірлік филиалдары-ның өкілдері қосылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мүгедектігі бар адамдарды қолдау мәселесіне жігі назар аударып келеді. Президент өз сөзінде ерекше қажеттілігі бар адамдарды және олардың күтушілерін қолдау шараларын күшейту қажет екенін атап өткен еді. Бұл ретте «AMANAT» пар-тиясы жанындағы Мүгедектігі бар адам-дардың инклюзиясы жөніндегі республи-калық кеңес кедергісіз орта құру, ин-клюзивті қоғам қалыптастыру, мүгедек-тігі бар отандастарымыздың тұрмысын жақсарту бағытында жүйелі жұмыс жүр-гізіп келеді.

Мәжіліс депутаты, кеңес төрағасы-ның орынбасары Ерлан Әбдиев биыл партия жанындағы кеңестің 5 отырысы

өткенін мәлімдеді. Осы кезеңде инклю-зивті білім беру, медициналық және әлеуметтік қолдау көрсету, инфрақұры-лымдардың қолжетімділігін арттыру, ерте араласу және оналту орталықтары-ның жұмысын жетілдіру, «Қамқорлық» бастамасы мен мүгедектікті проактивті анықтау мәселелері жүйелі түрде талқы-ланды. Нәтижесінде, мемлекеттік органдарға 22-ден астам ұсыныс жол-данды.

«Мүгедектігі бар азаматтардың тұр-мысын жақсарту мәселесі партия мүше-лерінің, ең алдымен, Мүгедектігі бар адамдардың инклюзиясы жөніндегі республикалық кеңестің тұрақты на-зарында. Басты мақсат — партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру, сондай-ақ қолданыстағы заңна-маны кешенді түрде жетілдіру. Биыл «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында 4,1 мыңнан астам іс-шара өт-кізіліп, онда 62,2 мыңға жуық адам қам-тылды», — деді ол.

Партияның сайлауалды бағдарла-масы аясында мүгедектікті проактивті сырттай орнату тетігін енгізу мәселесі туралы Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің төрағасы Илья Скуб баян-дады. Ол медициналық-әлеуметтік сараптаманың проактивті сырттай фор-матты мүгедектікті белгілеу рәсімін жеңілдетіп, азаматтардың жол жүру уақытын қысқартуға және медицина-лық-әлеуметтік сараптама бөлімше-леріне жеке келу қажеттілігін жоюға бағытталғанын атап өтті.

Өз кезегінде Денсаулық сақтау вице-министрі Әлия Рүстемова профилакти-калық медицина мен оналту шаралары туралы айтты.

«Елімізде профилактикалық меди-цина, ерте диагностика және медицина-лық оналту бағыттары жүйелі түрде жетілдірілуде. Бүгінде балалар арасын-дағы мүгедектікті ерте жастан анықтау үшін неонаталдық, аудиологиялық, офтальмологиялық және психофизика-лық скринингтер жүргізіліп, жыл сайын 4,5 миллионға жуық бала профилакти-калық тексеруден өтуде. 2020 жылдан бастап іске қосылған ерте араласу орта-лықтары 0-3 жас аралығындағы балалар-



дың көмекті уақытылы алуына мүмкін-дік беріп отыр. Соңғы жылдары меди-циналық оналтуға бөлінетін қаржы бірнеше есе артып, оналту орталықтары желісі кеңейтілді. Сонымен қатар Енбек және халықты әлеуметтік қорғау ми-нистрлігімен бірлесіп, 70-тен астам ауру бойынша мүгедектікті проактивті фор-матта белгілеу тәртібі онтайландырыл-ды», — деді ол.

Айта кетейік, партия ерекше қажет-тілігі бар азаматтарды қолдау, олардың қоғам өміріне толыққанды араласуына жағдай жасау және әлеуметтік құқық-тарын қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Осы бағытта партияның сайлауалды бағдарламасы аясында аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларға арналған 13 ерте араласу

орталығы және «Қамқорлық» бастама-сымен аудандық деңгейде 6 оналту орталығы ашылды. Партияның Әйелдер қанаты инклюзивті орта қалыптастыруға ықпал ету мақсатында «Тең мүмкіндік-тер» республикалық спорт фестивалін өткізіп келеді. Сонымен қатар «Кедер-гісіз келешек» жобасы аясында жыл сайын ерекше қажеттілігі бар жандарға «Жан Шуақ» халықаралық қоғамдық сыйлығы табысталады. 2025 жылы пар-тия филиалдары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға бағыттал-ған 510 бос жұмыс орындары жәрмен-кесін өткізіп, нәтижесінде 1,4 мыңнан астам адам тұрақты жұмысқа орналасты.

Ә.САМАТҰЛЫ

Жақында Президент жанындағы орталық коммуникация қызметінің алаңында Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Маңғыстау облысында халық санының өсімі соңғы он жылда он динамиканы сақтап келеді. Әсіресе, балалар саны 2015 жылдан 2024 жылға дейін 231 мыңнан 329 мыңға дейін өскен. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы да тұрақты өсім көрсетіп, биыл 11 айдағы негізгі макрөрсеткіштер оң нәтижеге жетті. Өңір экономикасының даму «көзі» негізінен өңдеу өнеркәсібі, туризм, логистика және балық шаруашылығы саналады. Облыс әкімінің айтуынша, аталған салалардың дамуына ғылыми және зерттеу институттарын тарту бойынша жұмыс жүріп жатыр.

— Өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін К. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетін, агро-өнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша Жөңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетімен келісімге қол қойылды. Ал Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетімен 2023-2027 жылдар аралығында 6,1 млрд теңгеге өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және технологиялық міндеттерін шешуге бағытталған ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламалары іске асырылуда, — деді облыс әкімі Нұрдәулет Ігілікұлы.

Облыста құны 10 трлн теңгеден асатын 55 инвестициялық жобаны 2026-2032 жылдар аралығында іске асыру жоспарланған. Жыл басынан бері өңірде 235 млрд теңгеге 19 инвестициялық жоба іске қосылып, 612 жаңа жұмыс орны ашылды. Еліміздегі экспорттық аймақтардың бірі — «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының қызмет ету мерзімі 2053 жылға дейін ұзартылып, аумағы қосымша 7,9 мың гектарға кеңейтілді және 23 жаңа қызмет түрі енгізілді. «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясын толыққанды даму институты ретінде трансформация жасалып, жаңа ұйымдық құрылым бекітілді.

Қылдыр қонып, бақ дарыған, абыздар мен әулиелердің мекені маңғаз, маңдада — Маңғыстаудың қойнауы кие мен қасиетке толы. Мұнда еліміздің түкпір- түкпірінен ғана емес, әлемнің ер тарапынан туристер көп келеді. Олардың саны жыл сайын артып, 2025 жылдың 9 айында 350 мыңнан астам турист келіп, 17,2 млрд теңгеге жуық қызмет көрсетілді. Былтырмен салыстырғанда, биыл өсім 13%-ды құрады. Ақтау әуежайы жолаушылар ағыны бойынша 4-орында болса, соңғы бес жылда әуежайдағы жолаушылар ағыны 70%-ға артып, 996 мыңнан 1,7 млн адамға өсті. Халықаралық бағытта 11 рейс жұмыс істеп тұр. Облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбайдың есебінше, өңір шетелдік туристерді қабылдау бойынша 3-орында. Аймақта туризм бағытын дамыту бойынша 2026-2029 жылдары 17,5 млрд теңге болатын 3 жоба іске асырылады деп күтілуде.

— Осы жылы Дубай, Нүкіс бағыттары жанадан ашылды, 2026 жылдан бастап Қытайға тікелей рейстер ашылды. 2026 жылдың 2 жартыжылдығында Кендірлі әуежайының құрылысы аяқталды. 3 теміржол вокзалын реконструкциялау жұмыстары аяқталуда. 2025-2029 жылдары құны 198 млрд теңгеге құрайтын 17 туристік инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Биыл құны 4,6 млрд теңгеге құрайтын 4 жоба іске қосылды. Туризм инфрақұрылымын кезек-кезеңімен іске асыру бойынша нақты жоспар бар, — деді өңір басшысы.

Сондай-ақ өкімнің айтуынша, Бозжыра шаткалында сапар орталығының құрылысы аяқталып, алдағы туристік маусымда іске қосылады. Өзіңізге белгілі, Сауд Арабиясымен Маңғыстау табиғатының ұқсастығы көп, біз олардың тәжірибесін зерттеп, нәтижесінде Бозжыра шаткалын дамыту жоспарын айқындап, инвесторлармен келіссөздер жүргізілді. 2026-2029 жылдары 17,5 млрд теңге болатын 3 жоба іске асырылады. Оның ішінде белгілі қазақстандық бренд «Тары» этноорталығы бар.

Өңірдегі туристік локациялардың алшақтығын және оларға бір мезетте жол, тоқ, сумен қамтамасыз етудің бюджетке ауыртылауын ескере отырып, автоүйлерді кеңінен қолдану арқылы саяхаттын жаңа форматын дамытуды басталдық. Осы орайда 2026 жылы Шерқала тауында глэмпингтер құрылысымен автоүйлерге инфрақұрылым ұйымдастыру жобалары іске қосылады, — деді әкім.

Өркеннің киесі мен иесі саналатын 5 жерасты мешітін (Бекет ата, Қараман ата, Шақпақ ата, Шопан ата, Сұлтан үні) ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізу жұмыстары аясында техникалық бағалау миссиясы өңірге келіп, бағалау жұмыстарын жүргізіп, құжаттар халықаралық ұйымға ұсынылды.

Голливудтық киностудиялардың фильмдері түсірілген өңірлердің таны-



ӨЛКЕДЕ ӨРКЕНДІ ӨМІР БАР

малдығы бірнеше есе артып, кейін түсірілім аландарына келушілер саны айтарлықтай көбейді. Бұл бағыттар тұрақты түрде туристік маршруттарға айналууда. Танымал әлемдік кинорежиссер жана ірі киножобасының негізгі түсірілім алаңы ретінде Маңғыстауды ресми түрде бекітті. Осы бағытта жұмыстар жүргізілуде.

ТҮЙЕ СҮТІ ЭКСПОРТТАЛАДЫ

Маңғыстау облысы энергияның баламалы көздері саналатын жерасты термалды суларына өте бай. Ғалымдардың пайымдауынша, мұндағы термалды судың құрамы Карловы Вары, Есентуки сияқты әйгілі курорттардың суларымен теңесе алады. Сондықтан өңірде термалды бассейндері бар 150 орынға арналған санаторий-курорттық кешенін салу қолға алынған. Жоспар бойынша жоба 2027 жылдың 2 тоқсанында аяқталады.

— Өңірде бірнеше термалды көздер орналасқан. Кеңес Одағы кезеңінде барланып, салынған скважиналарды түгендеу, паспорттау және Ресей мен Чехия елдерінің зертханаларында тиісті зерттеулер жүргізіліп, нәтижесінде минералды сулардың емдік қасиеттерге ие екені расталды. Судың құрамы Карловы Вары, Есентуки сияқты әйгілі курорттарға тең, — деді Нұрдәулет Қилыбай.

Аймақта термалды су көздері көп болғанымен, ұзақ жылдар бойы халық ауызу тапшылығының зардабын тартқаны жасырын емес. Бұл мәселені шешу бағытында Ақтау қаласында 46 мың текше метр суды тұщытатын қондырғы іске қосылды, осы жұмыстардың нәтижесінде биыл жазда ауысу тапшылығы болған жоқ.

— Кендірлі курорттық аймағында өнімділігі тәулігіне 50 мың текше метрді

заманауи көкөніс сақтау қоймасы салынууда. Салада 2025-2027 жылдары 23,6 млрд теңгеге құрайтын 15 инвестициялық жоба іске асырылады деп күтілуде. Биыл 1,3 млрд теңгеге 43 ветеринариялық пункт салынып, барлық ветеринариялық ұйым қызметтік автокөлік және жабдықтармен толықтай қамтамасыз етілді.

Аймақтың климаттық жағдайы мен орналасу ерекшеліктері түйе шаруашылығын дамытуға қолайлы. Бүгінде өңірде 95 мыңға жуық түйе басы тіркелген. Түйе сүтінің өнімдерін экспортқа шығару мақсатында түйе сүтін терең өңдеуге бағытталған 3 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Түйе сүтін құрғақ ұнтаққа айналдырып, экспортқа шығару жоспарланған.

— «Қарағандүбек» ЖШС-ындағы құны 1,6 млрд теңгеге құрайтын сауын түйелердің санын 2000 басқа дейін көбейту және құрғақ түйе сүтін өндіретін зауыт салу жоба құрылысы 2026 жылы басталады. Зауыт жылына 100 тоннаға дейін түйе сүтін қайта өңдей алады. Жобаға 1,0 млрд теңге несие алуға құжаттарын жинақтауда. Биыл түйе сүтін автоматтандырылған әдіспен сауатын цех ашылды (жалпы құны — 600 млн теңге, күніне 400 тонна сүт өндіреді).

Ал өңірдің ерекше әлеуетті даму бағыттарының бірі саналатын аквашаруашылық бойынша 2025-2027 жылдарға 4 ірі жоба жүзеге асырылуда.

— Солардың бірі — теңіз албырт тұқымдас балығын тор қоршамада өсіру шаруашылығын құру жобасы. Қазір елімізге балықтың біраз бөлігі Еуропа елдерінен импортталады (жылына 8000 тоннадан астам), келесі жылы 1300 тонна албырт тұқымдас (лосось) балық өсіру арқылы, импорттың 16%-ын қысқартамыз. 2029 жылға қарай 5 000



Маңғыстау облысы энергияның баламалы көздері саналатын жерасты термалды суларына өте бай. Ғалымдардың пайымдауынша, мұндағы термалды судың құрамы Карловы Вары, Есентуки сияқты әйгілі курорттардың суларымен теңесе алады.

тоннаға дейін көбейту жоспарланған. Нәтижесінде, ел бойынша импорттың шамамен 60%-ын қамтамасыз етеді», — деді әкім.

Биыл кәсіпкерлерге 16,3 млрд теңге бөлініп, 167 жобаға қолдау көрсетілді. Жөнілдігімен кредиттер беру арқылы кәсіпкерлік қызметті ынталандыруға бағытталған «Өрлеу» жаңа бағдарламасы іске қосылып, 8,4 млрд теңгеге 70 жоба қолдау тапты. Шағын және орта бизнес саласында кәсіпкерлік нысандар 1 трлн теңгеден астам өнім шығарды. Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны — 147 400 адам, бұл экономикалық белсенді халықтың — 40%—ын құрайды. Облыста өзекті мәселелердің бірі болып отырған жұмыссыздық деңгейін азайту



мақсатында аудан, қала тұрғындарымен кездесулер аясында өңірдегі ірі мекеме басшыларымен кездесу ұйымдастырылып, мәселе тұрақты бақылауға алынған. Халықтың әлеуметтік осал тобына жататын 14 675 тұрғын бар болса, биыл 552 отбасы баспанамен қамтылды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБЫ ҚҰРЫЛАДЫ

2025-2026 жылдар аралығында Маңғыстау облысының аумағында республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында жалпы ұзындығы 491 шақырымды қамтитын 16 жоба бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жергілікті маңыздағы автомобиль жолдарының 97%-ы жақсы жағдайда.

Маңғыстау облысы Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы биыл жүк тасымалының көлемі 20%-ға артып, 2,5 млн тоннаны құрайды.

— Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі теңіз портының тиімді жұмысына теріс әсер етуіне байланысты теңіз түбін тереңдету жұмыстарын жедел түрде қолға алдық. Былтыр Құрық портында тереңдету жұмыстары жасалды. Келесі жылы Ақтау теңіз сауда порты акваториясын аумағында тереңдету жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Semurg Invest пен Freeseas Container Shipping компаниялары бірлесіп, 2027 жылға дейін флотты 6 кемеге дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Оның ішінде, биыл жүк көтерімділігі 7 000 тоннаны құрайтын Nasirpaki Marabayer атты құрғақ жүк кемесі іске қосылды. Грузиндік Georgian Industrial Group компаниясы Құрық және Алят (Әзербайжан) порттары арасында тұрақты теңіз паром қатынасын ұйымдастыру үшін 6 паром сатып алу жобасын ұсынды. Оның ішінде 2 паромды 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында іске қосу жоспарлануда. Қазір паромдар Ыстанбұлдан жолға шығып, Ресей шекарасында тұр. Қазақстанға 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында келеді деп күтілуде. Жыл сайын 2 паромнан іске қосылып, 2028 жылға дейін толықтай 6 паромды қамтиды. Жоба Қазақстанның отандық паром паркін қалыптастыруға, жүк айналымын арттыруға, кеме қатынасының дамуына ықпал етеді, — деді өңір басшысы.

Аймақ басшысының айтуынша, Мемлекет басшысы мен Үкіметтің инвесторларды тарту бойынша тапсырмасы аясында 1 жылдық келіссөздер нәтижесінде 2026 жылы Жаңа теңіз порты жобасы басталады. Бұл қытайлық «Янцзинь Гою Учан Групп» компаниясының филиалы «Джонюнг Интернешнал» компаниялар тобының «Маңғыстау облысында жаңа теңіз портын салу» жобасы (жоба құны — (1 кезең) 300 млн АҚШ доллары).

— Қазір жер учаскесі анықталып, рәсімдеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Инвестициялар туралы келісімді жасауға тиісті құжаттар дайындалуда. Құрылыс жұмыстары 2026 жылдың 2 тоқсанында басталады. Жоба «Қытай — Қазақстан — Ақтау — Баку — Поті — Еуропа» жаңа халықаралық көлік дәлізінің қалыптасуына ықпал ететін болады, — деді ол.

Маңғыстау өңірі халықаралық сауда-саттыққа қолайлы аймақ саналатындықтан, көлік және логистика саласының перспективті жобасы — «Ақтау

— Қазақстанның батыс қапқасы» халықаралық сауда-логистикалық хабын құру жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба Құрық портына жақын жерде «құрғақ порт» элементтерін қамтитын болады және Қытайдан Хоргос арқылы Кавказ, Иран, Түрікменстан, Каспий және Еуропа елдеріне жүк транзитін қамтамасыз етеді.

Аталған жобалардың іске асырылуы нәтижесінде 2030 жылы еліміздің теңіз порттары мен терминалдарының жылдық өткізу қабілеті 22,3 млн тоннадан 60 млн тоннаға өсетін болады (2 700 жаңа жұмыс орнын құрумен) деп жоспарланған.

ШӨЛЕЙТТЕРДЕ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛЫП ТҮР

Биыл Ақтау қаласы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» статусын абыроймен атқарып шықты. Аталған жоба елімізді халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік берді. Ашылу салтанатында әлемдік деңгейдегі жұлдыз Димаш Құдайберген мен түркі елдерінің жұлдыздары өнер көрсетіп, оны 150 мыңға жуық көрермен тамашалады. Мерейлі жыл аясында 30-дан астам халықаралық жобалар жүзеге асырылып, оларға алыс-жақын шетелдерден 3000-нан астам өнерпаз қатысты.

— 2025 жылы Бекет ата Мырзағұлұлының 275 жылдығы ауқымды деңгейде



өткізілді. Халықаралық ғылыми конференция, республикалық аламан бәйге, қазақша күрестен турнир және 10 мыңға жуық адам қатысқан ас ұйымдастырылды, — деді әкім.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде «Таза Қазақстан» ауқымды республикалық экологиялық акциясы өткізілуде. Экологиялық жағдайды жақсарту ғана емес, сонымен қатар азаматтардың экологиялық жауапкершілігін қалыптастыру, сана мен өмір сапасын жақсартуға бағытталған басқа да іс-шараларға белсене қатысатын тұрғындар саны көбейген.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық науқанына жыл басынан бері 130 мың адам қатысты, 32 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Жоба аясында 2 100 техника жұмылдырылып, нәтижесінде 39 мың тонна қоқыс шығарылды.

Қала және аудан әкімдіктеріне құны 12,5 млрд теңгеге құрайтын 115 арнайы техника табысталып, Ақтау қаласында жеке кәсіпкер «Жасыл Даму» АҚ арқылы 1 млрд теңгеге 25 қоймалық қорғасын, 235 млн теңгеге 2 мың контейнер алып, жұмысын бастады.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» геопорталы бойынша 2025 жылы Маңғыстау облысында 61 нүктеде рұқсатсыз орналасқан қоқыстар анықталып, оның 91%-ы жойылды. Олардың қайта пайда болуының алдын алу мақсатында бейнебақылау камералары орнатылып жатыр. Өздеріңізге белгілі, бүгінде облыстың экологиялық өзекті мәселесінің бірі — «Қошқар ата» қалдық қоймасы. 2024 жылдың мамыр айынан бастап қосымша зерттеулерге байланысты «Қошқар ата» қалдық қоймасын қалпына келтіру (4279 гектар жерді 30 см биіктікте топырақпен көму) жұмыстары тоқтатылды. Бүгінгі күні биологиялық рекультивациялау жобасы әзірленді, бұл бүкіл периметр бойынша қалдық қоймасын қалаландыру жұмыстарын жалғастыруға бағытталған.

Қазір бұл аумақ толықтай қоршамен қоршалып, жерді дайындау (жер жырту) жұмыстары аяқталды. 2026 жылдың соңына дейін 1 миллионға жуық сексеуіл егу жоспарлануда, биыл 770 мың сексеуіл егілді, — деді Нұрдәулет Ігілікұлы.

Сонымен қатар бұрынғы Ақтау пластикалық массалар зауытынан қалған қауіпті қалдықтарының 211 түрі толықтай жойылды. Ауылдардың шөлейттенуіне қарсы экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында өңірде құм тоқтату жұмыстары жүргізіліп келеді. Бүгінде жеті ауылдың 3 500 гектар жерінде жасыл желектер (сексеуіл) жайқалып тұр. Нұрдәулет Қилыбайдың есебінше, соңғы үш жылда жалпы өңірлік өнім көрсеткіші тұрақты өсуде. 2024 жылы өсу көлемі 5,0 трлн теңгеге құрады. Алға қойылған жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде 2030 жылға дейін жалпы өңірлік өнім көлемін 8 трлн теңгеге дейін ұлғайту жоспарлануда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан Маңғыстау облысының дамуына ықпал ететін стратегиялық жобалардың қай-қайсысына тоқталсақ та, олардың барлығы ел игілігі мен халық тұрмысын көтеру мақсатын қамтитынын көруге болады.

ҚОҒАМ

25 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

МАҢ ДАЛА, МАҢҒАЗ МЕКЕН

Маңғыстау облысы халық санының өсімі бойынша соңғы он жылда оң динамиканы сақтап келеді. Әсіресе, балалар саны 2015 жылдан 2024 жылға дейін 231 мыңнан 329 мыңға дейін өскен. Аймақта азаматтардың тұрмыс деңгейін жақсартуға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған ауқымды әлеуметтік реформалар жүзеге асырып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауға және орта таптың үлесін арттыруға айрықша көңіл бөлініп, білім беру және денсаулық сақтау секілді салаларда ауқымды жұмыс атқарылды.

Өңірде мектепке дейінгі тәрбиеден бастап техникалық және кәсіптік білімге дейінгі барлық деңгейді камтитын 2025–2029 жылдарға арналған білім сапасын арттыру жөніндегі кешенді жоспар жүзеге асырылуда. Әсіресе, «Келешек мектептері», «Ауыл — Ел бесігі» жобалары аясында және демеушілік есебінен облыста 14 мектептің құрылысы мен 2 мектепке қосымша құрылыс салынып, пайдалануға берілді. Өткен оқу жылында 3 ауысымда оқитын 10 мектеп болса, биыл 3 мектеп қалып отыр. Өңірдегі үш ауысым мәселесін түпкілікті жою үшін 9100 орынға арналған 8 мектептің құрылысына және жапсаржай салу үшін ЖСҚ дайындалуда.

Облыс бойынша биыл 9 731 түлек мектеп бітіріп, Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесінде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізілді. Яғни, мемлекеттік грант иегерлер саны өткен жылмен салыстырғанда, 3362-ден 3549-ға (9%) өсті. Сондай-ақ өңірдегі білім сапасын арттыру және педагогикалық ұжымды ынталандыру мақсатында алғаш рет «Табысты мектеп» конкурсы өткізілді. Конкурс нәтижесінде мектептің барлық қызметкері кіші қызметкерден бастап мектеп директорына дейін қаржылай сыйақы алды.

Астана қаласында ауыл оқушыларына арналған пәндік олимпиаданың жаратылыстану-математикалық бағытына 38 оқушы қатысып, командалық бас жүлдені жеңіп алды. Жаңаөзен қаласында 350 орындық оқушыларға арналған озық үлгідегі болашақ сарайының құрылысы аяқталды, нысан берілуге дайын.

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА — ТЕҢ МҮМКІНДІК

Ерекше балаларға жағдай жасау мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмді арқылы облыста 2 балабақша салу бойынша жұмыстар басталып, құрылысы 2027 жылы аяқталады деп жоспарлануда. Бейнеу ауылында алғаш рет ерекше күтімді қажет ететін балаларға арналған оналту орталығы ашылды. Жаңа орталық жылына 600-ге дейін баланы қабылдап, оналту курстарын ұйымдастырады.

2026 жылы кәмелет жасына толмаған балаларға арналған 100 орындық «Аутизм» орталығы өз жұмысын бастайтын болады.

Керекті жабдықтардың барлығы демеушілік есебінен алынды. Сонымен қатар өңірде «Маңғыстау жана мектебі» жобасы іске асырылуда. Педагогтар мен мектеп басшылары әлемнің дамыған елдердеріне барып (АҚШ, Қытай, Сингапур) тәжірибе алмасудан өтеді.

Биыл аймақ бойынша денсаулық сақтау саласында да ілкімді істер атқарылуда. Мәселен, Мұнайлы ауданында 150 төсек орындық аурухана салынып, іске қосылды. Жаңа аурухана 173 мыңнан астам жергілікті тұрғынды сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз етуде. Ақтау қаласында желел жәрдем станциясының құрылысы аяқталды. Станцияға 34 жаңа желел жәрдем автокөлігі мен аудандық ауруханаларға 18 дана жаңа арнайы санитарлық автокөліктер табысталды.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 3 алғашқы медициналық санитарлық көмек көрсету нысандары іске қосылды. «Орхун Медикал» түрік компаниясымен келісім шеңберінде позитронды эмиссиялық томография (ПЭТ) орталығы ашылды. Орталық онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтау және тиімді емдеу жүйесінің маңызды буынына айналатын болады. Осы зерттеуден оту үшін бұрын облыстан жыл сайын 1 мыңға жуық тұрғын Астана мен Алматыға кетсе, қазір оны Ақтау қаласында өткізе алады. Бүгінде 300-ге жуық зерттеулер жүргізілді. Келесі жылға 2 мыңнан аса зерттеулер жоспарланған, көрші облыстардың азаматтарын да қабылдауға мүмкіндік бар.

Халық санының ұдайы өсуі әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары мен демалыс орталықтарына деген сұранысты арттырды. Осы орайда лагерь инфрақұрылымын дамыту мақсатында жана Aqqi Resort&Camp заманауи демалыс кешені пайдалануға берілді. Кешен көпфункционалды форматта жұмыс істейді, жаз мезгілінде балалар лагерьі, қалған уақытта курорт ретінде қызмет көрсетеді.

Аймақта қоғамдық көлік маршрутын жаңғырту жұмыстары қолға алынып, жаңартылған автобустардың үлесі 90%-ға жетті. 2021–2025 жылдар аралығында 333 жана автобус сатып алынса, 35 жана маршрут ашылды. Автобус паркін 100%-ға жанарту мақсатында, 2026 жылы тағы 75 автобус сатып алу жоспарда бар.



АУЫЗСУДА МӘСЕЛЕ ЖОҚ

Мемлекет басшысының инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына бірыңғай цифрлы экожүйе енгізу, су саласын цифрландыру және су үнемдеу технологияларын қолдану жөніндегі тапсырмаларына сәйкес Маңғыстау облысында маңызды мәселелердің бірі — инженерлік инфрақұрылымды дамыту. Жалпы аймақта ауызсу тапшылығы мәселесі ұзақ жылдар бойы әлеуметтік желілерде тұрғындар тарапынан жиі көтеріліп, наразылық тудырып келген күрделі мәселе болғаны белгілі. Аталған мәселені шешу бағытында Ақтау қаласындағы «Каспий» су тұщыту зауытының 2-кезені (қуаты 20,0 мың м3-тан 40,0 мың м3-қа дейін артты) және МАЭК (ЦУВС-2) аумағында қуаттылығы 6,0 мың су тұщыту қондырғысы іске қосылып, Ақтау қаласының ауызсу көлемі тәулігіне 58 мыңнан 84 мың текше метрге дейін артты. Нәтижесінде, жылдар бойы Ақтау қаласында орын алып жүрген ауызсу тапшылығы (18 000 м3) толығымен жойылды.

Кендірлі курорттық аймағы «Тоқмақ» жерінде өнімділігі тәулігіне 50 000 м³ теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы аяқталды. Зауыт 2026 жылдың басынан бастап Жаңаөзен қаласы және жақын маңдағы ауылдарды үздіксіз ауызсумен қамтамасыз етеді. Жаңаөзенді сумен қамту мәселесі 100% жабылады. Жаңаөзен қаласын ауызсумен қамтып отырған Астрахань-Маңғышлақ су құбырына жүктеме азаяды және аталған су құбырынан босап шыққан 26 000 м3 су көлемі Бейнеу ауданы Бейнеу ауылына, Қаракия ауданы Жетібай ауылына, Мұнайлы ауданы Батыр, Қызылтөбе, Маңғыстау ауданының ауылдарына бөлініп, жаз мезгіліндегі қосымша қажеттілікті толықтай жабады деп жоспарланған.

Сондай-ақ Құрық ауылында өнімділігі тәулігіне 10 000 м³ су тұщыту қондырғысын

орнату» жобасы аяқталды. Нәтижесінде, Құрық ауылы (4000м3), жылы жағажай бағыты (2000 м3) толықтай ауызсумен қамтылып, су көлемінің қалған бөлігі Ақтау қаласы Мұнайлы ауданы Батыр ауылына берілетін болды.

Форт-Шевченко қаласында өнімділігі тәулігіне 5000 м³ теңіз суын тұщытқыш қондырғы кешені іске қосылды. Нәтижесінде, Форт-Шевченко қаласы және жақын маңдағы елді мекендер үздіксіз және толық көлемде ауызсумен қамтылды. Бұдан бөлек, Ақшұқыр және Сайын-Шапағатов ауылдарында су мәселесі түбегейлі шешілді. Іске асырылған жобалар нәтижесінде биыл облыста ауызсу тапшылығы орын алған жоқ.

Дегенмен облыстың халық саны және өндіріс орындарының жыл сайын артуына байланысты алдағы жылдары ауызсу тапшылығын болдырмау мақсатында 2028 жылға дейін құны шамамен 114 млрд теңгені құрайтын 3 жобаны іске асыру көзделуде.

«Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында инженерлік желілерді жаңғырту ең алдымен өбден тозығы жеткен желілерді ауыстырудан басталып, жылу желілерін реконструкциялау жұмыстары жүргізілді. Облыстағы 790 шақырымды құрайтын жылу желілерінің 61%-ның тозығы жеткен. Оның басым бөлігі Ақтау қаласында. Бытырт мәселені шешу мақсатында Ақтау қаласының магистралдық және шағынауданішілік жылу желілерін реконструкциялау шеңберінде 64 шақырым жылу желілерін жанарту жобалары аяқталды. Нәтижесінде, Ақтау қаласы бойынша тозу деңгейі 79%-дан 70%-ға төмендеді және жылыту маусымы кезеңінде ақаулар саны 118 бірлікке азайды. Яғни, 2024 жылы — 376 ақау болса, 2025 жылы — 258 ақау тіркелді.

Электр энергиясына қажеттілікті және «МАЭК» ЖШС жөндеу жұмыстары кезеңінде резервті қамтамасыз ету мақсатында Нұа-

dian компаниясымен қуаты — 160 МВт құрайтын бу-газ қондырғысының құрылысы басталды. Жоба құны — 190 млн АҚШ долл. 2027 жылы пайдалануға беріледі.

Өңірде халықтың әлеуметтік осал тобына жататын 14 675 тұрғын бар. Жыл сайын аталған азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жүзеге асырылуда. Биыл 552 пәтер сатып алынды.

ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МҮМКІНДІГІ

Соңғы жылдары өңірде өзекті мәселелердің бірі жұмыссыздық мәселесі болып тұр. Мәселен, облыс әкімі Нұрдаулет Қи-лыбайдың айтуынша, биыл әкім қабылдауына 700-ге жуық адам жүгінсе, оның 80%-дан астамы жұмыссыздық мәселесі туралы көмек сұраған. Жұмыссыздық деңгейін азайту мақсатында аудан, қала тұрғындарымен кездесулер аясында өңірдегі ірі мекеме басшыларымен кездесу ұйымдастырылып, мәселе тұрақты бақылауға алынған.

Бұл ретте, тек Ақтау қаласының өзінде осы мәселені реттеу мақсатында 18 ірі мекеменен меморандум жасакталып, өңірде халықты жұмыспен қамту жұмыстары қолға алынды. 2025 жылдың 3 тоқсаны бойынша жұмыссыздық деңгейі 5,1%-ды құрады.

Жұмыспен қамтудың Өңірлік картасына сәйкес 28 441 адам жұмысқа орналастырылып, оның 62%-ы тұрақты жұмыспен қамтылды.

Аймақта алғашқы спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжі ашылып, 300-ге жуық жас спортшы балалар қабылданды. Спорт мектептеріне жергілікті бюджет есебінен 4 жеңіл автокөлік, 20 микроавтобус табысталды. Биыл бірқатар спорттық нысан пайдалануға беріліп, жергілікті бюджет есебінен 14 спорттық мекемеге күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Елімізде цифрлы технологияны дамыту және жасанды интеллекттің экономикаын әртүрлі саласында қолданудың ерекше маңызға ие болып отырғаны белгілі. Өңірде жасанды интеллект қолдану арқылы радиологиялық зерттеулерді орталықтандыру жобасына PACS (ПАКС) жүйесі енгізілуде. Бұл жүйе қатерлі ісіктерді ерте кезеңде анықтауды, диагностикалық қатерлерді азайтуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар инсультті диагностикалау үшін отандық CerebraAI бағдарламалық жасақтамасы енгізілді. Бұл жасанды интеллект алгоритмін пайдаланып, контрастсыз КТ-суреттерін талдайды. Өңір жастарын заманауи цифрлық кәсіпке бейімдеуге бағытталған Mangystau Hub IT орталығы ашылды.

Мұғалімдер мен оқушыларға арналған жасанды интеллектті білім беру жүйесі кезең-кезеңінен енгізілуде, «Ұстаз және ЖИ» жобасы, қосымша курстар мен практикалық іс-шаралар, сондай-ақ жасанды интеллект (ЖИ) кабинеттері ашылатын болады.

Түлек ҚАБЫЛ

ҚОҒАМНЫҢ «КӨРІНБЕЙТІН» ҚҰБЫЛЫСЫ



Қазір NEET санатындағы жастардың саны азаймай отыр. Әлеуметтік әрі экономикалық жүйеден шет қалған бұл буын бүгінде еңбек нарығы үшін де, мемлекет үшін де өзекті мәселеге айналды. Өткен жылдың екінші тоқсанында жұмыссыз, оқусыз және кәсіби даярлықтан өтпеген жастардың саны 349,1 мың адамды құраған көрінеді. Осы ретте еліміздің бірнеше жобасы, атап айтсақ, Jol Tar, Jumpus Tar, «AMANAT» партиясының «Жастарға жұмыс» жобасы да «екі қолға бір күрек» табуға үлкен мүмкіндіктер ашып отыр.

Әсет ҚАЛИ

Халықаралық еңбек ұйымы жастар арасындағы жұмыссыздықтың алаңдатарлық деңгейіне назар аударды. Ұйымның «Жастарды жұмыспен қамтудың жаһандық үрдістері-2024» атты баяндамасына сәйкес, әлемде әрбір бесінші жас азамат NEET санатына жатады. Яғни, олар не жұмыс істемейді, не білім алмайды әрі кәсіби даярлықтан өтпейді.

Ресми дерекке сүйенсек, елімізде өткен жылы NEET санатындағы жастардың саны 394,2 мың адамға жетіп, бір жыл ішінде 82,7%-ға артқан. Дегенмен сарапшылар бұл өсімді жастар арасындағы ахуалдың күрт нашарлауымен байланыстырмайды. Мұндай өзгеріс есептеу әдісінің жанаруына тікелей қатысты деп отыр.

Атап айтқанда, 2022 жылға дейін жастар қатарына 15-24 жас аралығындағы азаматтар енгізілсе, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап

бұл көрсеткіш 35 жасқа дейін ұлғайды. Соның нәтижесінде NEET санатындағы жастардың саны бірден артқан.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ СЕБЕБІ КӨП

Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Данияр Қасқарауовтың айтуынша, ел арасында жұмыссыздықтың көп болуына түрлі себеп бар.

— Ең бірінші мәселе — жұмыстың аздығы. Қалаға келген жастар да айлығы төмен болған сон ұзақ тұрақтамай, кері қайтуға немесе басқа жол іздеуге мәжбүр. Ұсынылатын жалақы күнкөріске жетпейді. Бір қызығы, жұмыссыздық көп деп айтамыз, ал екінші жағынан қарасаныз, кей салаларға маман жетіспей жатады. Бұдан бөлек, нарықтағы ұсыныстың сәйкес келмеуі де бар. Көп жағдайда жастар бірден жоғары жалақы мен жетіспей күтеді, ал жұмыс берушілер тәжірибе талап етеді. Осы екі жақтың ортақ мәмілеге келе алмауы да жұмыссыздықтың ұшығуына әсер етіп отыр, — дейді Д.Қасқарауов.

Депутаттың сөзінше, еліміздегі жұмыссыздықты жою үшін де бірталай жоба атқарылып жатыр. Ауылдағы жастар мен тұрғындар үшін «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы жақсы нәтиже берді. Ел тұрғындарының шамамен 40 пайызы ауылдық жерде тұратынын ескерсек, бұл бағыттағы қолдаудың маңызы зор. Алдағы жылдары, нақтырақ айтқанда 2029 жылға дейін, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту арқылы 1 миллион ауыл тұрғынын қамтып, 350 мың жана жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр екен.

Сонымен қатар NEET санатындағы жастарды және жалпы жастарды қолдауға бағытталған «Жастарға жұмыс» жобасы да қарқынды жүріп жатыр. Мәселен, кейінгі екі жылда 150 мыңға жуық жас азамат қамтылған 1,5 мыңнан астам іс-шара өткізілді. 200-ге жуық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды, оған 5,2 мыңнан астам ұйым қатысып, 55 мыңнан астам жас жұмысқа орналастырылды. Шалғайдағы елді мекендерді қамту мақсатында «Жастар Рухының» мобильді топтары 150-ден астам ауылға барып, 55 мың адамға әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша кеңес берді.

— Мені тағы бір алаңдататын мәселе бар. Ол — жастардың шетелге кетуінің көбейіп бара жатқаны. Жастар жақсы табыс

табу үшін шетелге ағылуда. Иә, ол жақта жұмыс ауыр болғанымен, жалақысы жоғары. Мәселен, мен бұрын әскери қызметте істеген бір танысымды білемін. Кезінде түрлі қауіпті операцияда жанын қатерге тігіп жүретін. Ал қазір сол танысым Америкада жиһаз тасып жүр. Осындай мысалдар қазір жетіп артылады, — дейді Данияр Қасқарауов.

ЖҰМЫССЫЗ ЖҮРГЕНДЕРДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ БАР

Қоғамда балалығын жұмыссыз жүргенін қалайтын ата-ана жоқ екені анық. Алайда еңбекке деген ынтыас төмен, өз жолын таба алмай жүрген жастардың жағдайы да күрделі. Әлеуметтанушы Темірлан Төлеудің айтуынша, жастар арасындағы жұмыссыздық тек экономикалық мәселе емес, терең психолог-пиялық дағдарысқа ұласып отыр. Жұмыссыз жүрген жас өзін қоғамға қажетсіз сезініп, күйзеліске түседі, ал уақыт өте келе өзін дамытуға деген сенімі де жоғала бастайды.

— Менің ойымша, жастар үшін ең ауыр соққы — белгісіздік пен тұрақсыздық. Ертенгі күні не болатынын білмеу, болашаққа нақты жоспар құра алмау жастардың ішкі тепе-теңдігін бұзады. Бұған қоса, қоғамдағы салыстыру мәдениеті де өз әсерін тигізіп отыр. «Жұрттың баласы әлдеқашан жұмыс істеп жүр» деген қысым жас адамның психикасына салмақ салып, бұл жағдай тек рухани күйзеліске ғана емес, әлеуметтік қиындықтарға да алып келеді, — дейді әлеуметтанушы.

Темірлан Төлеу жастар арасында лудоманияның кең таралуын да осы түйткілдермен байланыстырады. Оның айтуынша, ойын-құмарлықтың басты себебі — «тез табысқа жету» иллюзиясы. Жастар үшін адал еңбекпен жоғары табысқа жетудің нақты әрі қолжетімді жолдары айқын көрінбеген кезде, олар осындай тәуекелді әрекеттерге оңай бой алдырады.

Жалпы, Республика бойынша білімі және жұмысы жоқ жастардың үлесі 6,4% болғанымен, өңірлерде бұл көрсеткіш әртүрлі. Мәселен, кейінгі деректер бойынша Маңғыстау облысында NEET санатының үлесі 10,1%-ға жетті, бұл республика бойынша ең жоғары. Ал 2018 жылдың ІІІ тоқсанында Маңғыстау облысында бұл көрсеткіш небәрі 7,4% болған, 2022 жылы тиісті кезеңде 7,1%-ға дейін төмендеген. Алайда кейінгі жылдары облыста жұмыссыз жастардың саны күрт өсіп келеді.

Елімізде NEET санатындағы жастардың үлесі ең төмен аймақ — Шығыс Қазақстан облысы (4,5%). Елімізде 7 өңір — 5-6 пайыз арасында, 11 өңірде — 6-10 пайыз.

ЖАС БУЫННЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бүгінгі еңбек нарығын зуммерлердің толтырып отырғаны жалған емес. Олар жана жобаларға тез бейімделеді, технологияны еркін қолданады және шығармашылық қабілетімен ерекшеленеді дейді сарапшылар.

HR маманы Сәтжан Дәуітовтің айтуынша, жастар еңбек нарығына енген сайын олардың қажеттіліктері мен көзқарастары да өзгере бастайды.

— Бүгінгі зуммерлер үшін жұмыс тек табыс көзі емес, өз қабілеттерін іске асыруға, мәні бар жобаларға қатысуға мүмкіндік беретін алаң. Алдыңғы буын тұрақтылық пен мансапқа мән берсе, зуммерлер үшін пікірлесуге ашық орта, икемді жұмыс кестесі және тұрақты кері байланыс маңызды. Сонымен қатар олар жылдан нәтиже мен кәсіби дамуды күтеді, — дейді ол.

HR маманы өз тәжірибесінде зуммер-лермен жұмыс істеп көргенін айтты.

— Иә, жеке тәжірибемде зуммерлермен жұмыс істедім. Олар технологияны тез меңгереді, ақпаратты жылдам өңдейді және бастама көтеруге бейім болады. Бірақ ұзақ-мерзімді жоспарлау, шыдамдылық пен жүйелі жұмыс дағдыларын дамыту жағы кейде әлсіздеу келеді екен. Дұрыс менторлық пен нақты мақсат қойылған жағдайда зуммерлер өте нәтижелі маманға айналатынына көзім жетіп келеді, — дейді Сәтжан Дәуітов.

Маман тағы бір сөзінде жастардың жұмыссыздығын тек «олар дайын емес» деп біржақты қарау дұрыс емес. Бұл мәселе жұмыс беруші мен жас маман арасындағы өзара үйлесім мен бейімделу толық қалыптаспағанын көрсететін жүйелі проблема.

Қорыта айтқанда, кейінгі жылдары жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі азайып келеді. Оған себеп мемлекет деңгейіндегі жобалардың аяққа тұрып, әр азаматқа мүмкіншіліктің берілуі. Жаңа буын өкілдері тек жұмыс іздеумен шектелмей, өз қабілетін дамыта алатын, мәні бар жобалар мен икемді ортаға қызығушылық танытады. Осы тенденцияны түсінетін және жас мамандарға қолдау көрсететін жұмыс берушілер ғана өз компаниясында талантты кадрларды ұстап, нарықта бәсекеге қабілетті бола алады.



ХАЛЫҚ СЕНІМІНЕ СЕРПІН БЕРГЕН ЖОБА

Сыр өңірінде «АМАНАТ» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы қарқынды жүргізіліп жатыр. Соның нәтижесінде Қызылорда командасы жоғары жауапкершілік пен белсенділік танытып, республика көлемінде үздік нәтиже көрсете білді.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Негізінен, «АМАНАТ» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы – халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға, азаматтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды бастама. Жоба шеңберінде елдің банктерге еселенген берешегін еңсеріп, қаржылық сауаттылығын арттыруға сеп болуда. Бұл тұрғыда арнайы мамандардың азаматтарға тегін кеңес беру, қаржылық қиындықтарды еңсеруге көмек көрсету бағытында атқарған жұмыстары ұшан-теңіз. Соған орай, партияның облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай жобаны іске асыру аясында халықтың

қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізуге атсалысқан азаматтармен кездесу өткізді.

Жалпы, биылғы жылға «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында Қызылордада 22 800 азаматқа қызмет көрсету көзделген. Алайда ауқымды жұмыстар жүргізу барысында бұл меже 152,4 пайызға артығымен орындалған. Нәтижесінде, 34 755 азамат қаржылық сауаттылығын арттырып отыр.

«Мемлекет басшысы өз Жолдауларында атап көрсеткендей, елімізде екпін алған бірегей бастама биыл да жарасымды жалғасын тауып, ауқымды шаруа атқарылды. Жакында Астана қаласында жобаның жылдық нәтижесі қорытындыланды. Жиынға

ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР БИГІНДЕ

Елордада білім беру саласындағы айтулы өзгеріс болды. Жұмысшы мамандықтар жылы қарсаңында Астана қаласы әкімдігінің Техникалық колледжінде Ұлыбританияның беделді City & Guilds халықаралық аккредитациясы бойынша сертификаттарды салтанатты табыстау рәсімі өтті. Бұл – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін айғақтайтын маңызды белес.

Салтанатты шараға колледж басшылығы, халықаралық сарапшылар, тәжірибелі оқытушылар, әлеуметтік серіктестер мен студенттер қатысты. Рәсім барысында аккредитация нәтижелері жарияланып, халықаралық стандарттарға толық сәйкес деп танылған білім беру бағдарламалары таныстырылды. Қатысушылар бұл жетістікті отандық білім беру кеңістігіндегі зор серпіліс ретінде бағалады.

City & Guilds – жүзден астам елде мойындалған, кәсіби біліктілік пен дағдыны бағалаудың жаһандық эталоны саналатын ұйым. Ол 28 сала бойынша 500-ден астам мамандықты қамтиды. Мұндай беделді аккредитациядан өту колледждегі білім беру жүйесінің заман талабына сай екенін ғана емес, даярланып жатқан мамандардың халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие болатынын білдіреді.

Жиында халықаралық сарапшылар колледждің материалдық-техникалық базасына, оқу зертханалары мен өндірістік шеберханаларына, қауіпсіздік талаптарының сақталуы-



на және білім беру процесіне енгізілген инновациялық технологияларға жан-жақты баға берді. Сонымен қатар оқытушылар құрамының кәсіби деңгейі мен студенттердің практикалық даярлығы да басты назарда болды.

Сараптама қорытындысы бойынша колледждің заманауи инфрақұрылымға ие екені, сапа менеджменті жүйесінің тиімді жұмыс істейтіні және студентке бағытталған оқыту ортасы қалыптасқаны атап өтілді. Халықара-

тия Төрағасы Ерлан Қошанов арнайы қатысып, «Қарызсыз қоғам» құруға белсене атсалысып жүрген азаматтарға ризашылық білдірді. Осы орайда жобаны жүзеге асыруға атсалысқан азаматтар жоспарды орындап қана қоймай, халықтың қиындықтан жол тауып шығуына оң ықпал жасап, үлкен үлес қосқанын айтқым келеді. Осының негізінде қаншама отбасы қаржылық тығырықтан шығуға мүмкіндік алып, өз болашағына сеніммен қарай бастады. Бұл – қажырлы еңбектің шынайы жемісі, халықтың ризашылығы мен алғысына лайық іс», – делі партияның облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай.

Негізінен, «АМАНАТ» партиясының бастамасымен қолға алынған бірегей жоба өңірде осымен үшінші жыл қатарынан жүргізіліп келеді. Баянды бастама алғашында 8 өңірде пилоттық жоба ретінде іске қосылған болатын. Аз уақыттың ішінде бастама өз тиімділігін көрсетіп, Мемлекет басшысының тапсырмасымен еліміздің барлық өңірінде іске қосуға шешім қабылданғаны мәлім.

Өткен 2024 жылы Қызылорда облысы бойынша аталмыш жобаны жүзеге асыруда 5 сарапшы жұмыс жүргізіп, 11 300 азаматтың оқып, қаржылық сауаттылығын арттыруға өз үлесін қосқан.

Ал биылдан бастап жобаның форматы өзгергені белгілі. Соның негізінде банктерге берешегі 90 күннен асып, несиеcін белгілі себептермен төлей алмай жүрген азаматтарды оқытуға шешім қабылданған. Сол сияқты биылғы жылдың I маусымына дейін азаматтарды оқыту оффлайн жүргізілсе, одан кейін онлайн форматқа ауыстырылғаны жария болды. Бұл бірінші кезекте азаматтардың онлайн оқуға деген өз талабы бойынша қабылданған шешім екені түсіндірілді.

Жалпы, партия филиалында өткен кездесуде осы сияқты жоба шеңберінде атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар кеңінен баяндалды. Өз кезегінде жоба қатысушыларына халыққа тегін құқықтық көмек көрсетудегі кәсібилігімен жоғары жауапкершілігі үшін «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың алғысхаты табысталды.

лық стандарттармен салыстырылған оқу бағдарламаларының толық сәйкестігі ресми түрде расталды. City & Guilds сертификаты – студенттер үшін шекарасыз мүмкіндіктерге жол ашатын құжат. Бұл сертификат түлектердің кәсіби құзыреттілігін әлемнің кез келген елінде мойындатып, халықаралық компанияларда еңбек етуіне мүмкіндік береді. Ең бастысы, ол жас мамандардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Колледж басшылығы бұл жетістікті жаңа бастамалардың бастауы деп санайды. Алдағы уақытта халықаралық білім беру тәжірибелерін енгізу, шетелдік оқу орындарымен және өндіріс орындарымен әріптестікті кеңейту көзделген. Дуалды оқыту, жаңа бағдарламалар мен тәжірибе алмасу жобалары осы мақсатқа қызмет етпек. Бұл табыс – ұстаздардың жан-қиярлық еңбегінің нәтижесі. Халықаралық сарапшылар колледж оқытушыларының кәсіби шеберлігі мен жаңашылдығын ерекше атап өтті.

City & Guilds халықаралық аккредитациясы – бір колледждің ғана жетістігі емес, бұл – Қазақстанның техникалық білім беру жүйесінің әлемдік кеңістікке нық қадам басқанының айқын көрінісі. Елордадағы бұл тәжірибе басқа оқу орындарына да үлгі болары сөзсіз.

А.СҰЛТАН

«АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Жамбыл облысы Байзақ ауданының Сарыкемер ауылында денешынықтыру-сауықтыру кешені елге есігін айқара ашты.

АУЫЛДАҒЫ АҒАЙЫНҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ



Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Спорт кешені заманауи талаптарға сай салынып, 32 мыңнан астам тұрғыны бар ауыл халқына спорттың бірнеше түрімен айналысуына мүмкіндік жасалған. Жана нысанда футбол, волейбол, баскетбол алаңдары мен үстел теннисі қойылған. Сондай-ақ мұнда бұқаралық спорт түрлерімен айналысатын мекеме орналасқан. Бұл өз кезегінде спортты дамытуға серпін бермек.

Нысанның ашылу салтанатына Байзақ ауданының әкімі Олжас Баққараев, «АМАНАТ» партиясы Байзақ аудандық филиалының төрағасы Индира Спаналиева және спортты жанына серік еткен азаматтар қатысты.

«АМАНАТ» партиясының Байзақ аудандық мәслихатындағы фракция мүшесі, аудандық мәслихаттың төрағасы Бақтияр Ақбаевтың айтуынша, бұл денешынықтыру-сауықтыру кешені ауылда бұқаралық спортты дамытуға, азаматтардың денсаулығын жақсартып, жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мол мүмкіндік бермек.

«АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында аудан орталығында денешынықтыру-сауықтыру кешені ашылып отыр. Бұл аудан халқының бұқаралық спортпен айналысуына үлкен септігін тигізетін болады. Әсіресе, жастардың спортпен шұғылдануына мол мүмкіндік беріп отыр. Ауданның барлық ауылында партияның сайлауалды бағдарламасын орындау

мақсатында стрит-аркаут және кіші футбол алаңдары ашылған. Соның нәтижесінде Байзақ ауданында бұқаралық спортпен айналысушылардың саны 42 пайызға жетіп отыр. Өрине, бұл белгіленген меже емес. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш арта беретін болады, – дейді Бақтияр Ақбаев.

Ал ауыл тұрғыны, еркін күрестен КСРО спорт шебері, ауданның құрметті азаматы Алмас Сағымбеков бұған дейін ауылда спорт кешені болмағанын баса айтты.

«Бұған дейін ауылда балалар мен жастардың спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік болмады. Сондықтан бірнеше рет облыс басшылығына хат та жазып, өтінішімізді жеткізген едік. Енді, міне «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында спорт кешені ашылып қуанып жатырмыз. Көк Туымызды желбіретер спортшылар көптеп шықсын десек, оларға жағдай жасалуы керек. Бүгінгі нысан да соның айқын дәлелі деп білемін, – деді спорт ардагері.

Денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы 2023 жылы басталып, барлық стандартқа сай салынып отыр. Құрылысты «Век Stroy-2010» ЖШС жүргізген. Бұл кешен ауыл жастары мен тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуге, сондай-ақ спортпен тұрақты айналысуға жол салып отыр.

Партияның пәрменімен сайлауалды бағдарлама аясында бой көтерген нысан көпшіліктің көзаймына айналатыны анық. Әрі мұндай нысандар алдағы уақытта да көптеп салынатынына бек сенімдіміз.



Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі – Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі – Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университетімізге қарасты «Студенттер асханасы» орталығының 2026 қажетті азық-түлік өнімдерін сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Тауарларды жеткізу мерзімі тапсырманы негізінде жыл көлемінде. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны бойынша табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсынуы қажет.

5. Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы бес жыл ішінде тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

6. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы орындаушы (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. Өнім беруші баға ұсыныстарында, ресми түрде базар орталығы әкімшілерінің азық-түліктерге ұсынған бағаларынан, пайыз түрінде шартты жеңілдік ұсынуы қажет;

8. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың санитарлық талаптарға сәйкестігін растайтын сертификаттарын нақтылайтын құжаттары.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 14.01.2026ж. (12:00), 201 кабинет.

«Астана қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ (Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 58-бабына сәйкес) «Астана қаласының Бас жоспары. Түзету» жобасы (бұдан әрі – Жоба) және Жобаға Стратегиялық экологиялық бағалау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Әсер ету аумағының географиялық координаттары:

51° 09' 54,7" с.е.,
71° 26' 29,23" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 4 ақпанда сағат 10.00-де Астана қаласы, Республика даңғылы, 34, «Жастар сарайы» мекенжайы бойынша ашық жиналыс түрінде өтеді.

Тыңдауға қатысу үшін келесі сілтеме бойынша өтуіңізді сұраймыз:
us06web.zoom.us/j/85473873472?pwd=pYub7b515KrbpMbj3b2ZKdWt3Z3o3.1
ZOOM платформасында онлайн қосылу үшін: конференция идентификаторы: 854 7387 3472, кіру коды: 822914.

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге жауапты орган: «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ.

Тапсырыс беруші: «Астана қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, БСН 980540000882, Астана қ., Ә.Мәмбетов көш., 24, тел.: +7(7172) 47-20-63 (ішкі 2117), эл. пошта: office@astgp.kz.

Жобалық материалдармен танысуға болатын портал: <https://ndbecology.gov.kz/>. Жобалық құжаттама электронды түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana-upr/activities/directions?lang=ru>.

«Астана қаласының Бас жоспары. Түзету» жобасын әзірлеуші: «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС, БСН 070140000898, Астана қ., Ә.Мәмбетов көш., 22, тел.: +7(7172) 47-20-63 (ішкі 2117), эл. пошта: office@astgp.kz.

Жобаға Стратегиялық экологиялық бағалау есебін әзірлеуші: «Зеленый мост» ЖШС, БСН: 130340015103, Астана қ., Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 59/2 үй, 12-тұрғын емес жай, info@green-bridge.kz, тел.: +7(7172)98-68-07, +7 705 701-04-72.

Жергілікті атқарушы орган: «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі электрондық мекенжай мен телефон нөмірі арқылы сұратуға болады: тел. +7(7172) 47-20-63 (ішкі 2117), эл. пошта: office@astgp.kz.

Жоба құжаттамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын электрондық мекенжай: office@astgp.kz тел. +7(7172) 47-20-63 (ішкі 2117).

